

Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу ережелерін қолдану тәртібі туралы Нұсқауды бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 1994 жылғы 31 қазандағы N 286 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1995 жылғы 10 қазанда тіркелді. Тіркеу N 113. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрлігі мен Сыртқы істер министрлігінің 28.07.2000 ж. N 422, 8.08.2000 ж. N 100 біріккен бұйрығымен. ~V001337

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік комитетімен келісілген шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу ережелерін қолдану тәртібі туралы Нұсқау бекітілсін.

2. Облыстық ішкі істер басқармаларының, Алматы қалалық ішкі істер басқармасының, көліктегі ішкі істер басқармаларының бастықтары:

2.1. Шетел азаматтарымен жұмыс істеуге қатысы бар жеке құрамның Нұсқауды оқып білуін ұйымдастырсын және оның талаптарын орындауға тиісті бақылау орнатсын.

2.2. Шетел азаматтары тұратын, оқитын және жұмыс істейтін жерлерде құқық тәртібін нығайту, шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу ережелерін сақтауға бақылау жасауды күшейту және Қазақстан Республикасының заңдары мен мүдделерін сөзсіз сақтау жөніндегі жұмыста ішкі істер органдарының барлық қызметкерлерінің тұрақты өзара іс-қимылын қамтамасыз етсін.

Шетел азаматтарына қатысты шаралар ұлттық қауіпсіздік органдарымен байланыса отырып жүргізілсін.

3. КСРО ІМ 1986 жылғы наурыздың 5-індегі "Шетел азаматтарының КСРО-да болу және КСРО аумағы арқылы аялдап өту ережелерін қолдану тәртібі туралы Нұсқауды бекіту туралы" N 076 бұйрығы күшін жойды деп саналсын.

4. Осы бұйрықты орындау үшін бақылау жасау Қазақстан Республикасы ІМ паспорт және виза жұмыс басқармасына жүктелсін.

№ 1 қосымша

Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу ережелерін қолдану тәртібі туралы Нұсқау

I. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқау ішкі істер органдарының, министрліктердің, ведомстволардың, меншік нысанына қарамастан мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың, сондай-ақ жеке адамдардың Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы наурыздың 10-ындағы № 186 Қаулысымен бекітілген шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу Ережелерін қолдану (мұнан әрі - "Е р е ж е"), с о н ы ң і ш і н д е :

а/ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға /мұнан әрі "шетелдіктер"/ Қазақстан Республикасында уақытша болу құқығына құжаттар ресімдеу;

ә/ шетелдіктерге Қазақстан Республикасында болу мерзімін ұзарту;

б/ шетелдіктерге Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат пен тұруға ықтияр хаттарын беру;

в/ шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұру, оларға Қазақстан Республикасының шетелдіктер бару үшін жабық қалалары мен аудандарына келуге және болуға рұқсат беру;

г/ шетелдіктерге шетелге кетуге виза беру;

ғ/ шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы аялдап етуін қ а м т а м а с ы з е т у ;

д/ шетелдіктерді, Қазақстан Республикасының лауазымды адамдары мен азаматтарын Ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту;

е/ шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу Ережелері өрескел бұзғаны үшін шетел азаматтарын аластату;

ж/ шетелдіктерді қабылдау және олардың өтініштерін қарау;

з/ шетелдіктерге жеке есеп жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өзінің шетел мемлекетінің азаматтығына жататынын дәлелдей алатын адамдар шетел а з а м а т т а р ы б о л ы п т а н ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өзінің шетел мемлекетінің азаматтығына жататынын дәлелдей алмайтын адамдар

азаматтығы жоқ адамдар деп саналады.

Қазақстан Республикасында жүрген барлық шетелдіктер өзінің құқықтық жағдайы бойынша екі санатқа бөлінеді: тұрақты тұратындар мен уақытша б о л ғ а н д а р .

3. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерде осы Нұсқаумен белгіленген тәртіпте ішкі істер органдары берген рұқсаты немесе тұруға ықтияр хаты болады. Олар тұрақты тұратын жері бойынша тіркеулі керек.

4. Қазақстан Республикасында заңды негізде уақытша болған шетелдіктер Қазақстан Республикасының аумағында шетелдіктердің тиісті санаттары үшін осы Нұсқаумен белгіленген тәртіпте тіркелген өзінің шетелдік паспорттары немесе оларды алмастыратын құжаттары /мұнан әрі оларды айқын көрсету үшін егер басқадай айрықша айтылмаса "паспорттар" термині қолданылатын болады/ бойынша тұрады және Қазақстан Республикасынан өздерінен белгіленген болу мерзімі аяқталған бойда кетуге міндетті. Бұл мерзімді Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген негіздер бойынша ішкі істер органдары белгіленген тәртіпте ұзартуы немесе қысқартуы мүмкін.

Уақытша болған шетелдіктер, егер бұл визада көрсетілген келу мақсатына сай келмесе, Қазақстан Республикасының аумағында жұмысқа орналасуға, кәсіпкерлік немесе коммерциялық қызметпен айналысуға құқылы емес.

Шетелдіктердің паспорты, егер олар белгіленген тәртіпте тіркелмесе, Қазақстан Республикасында болу үшін негіз болып табылмайды. Ережелердің 17 тармағында аталған адамдардың құжаттарын қоспағанда.

5. Шетелдіктерді дипломатиялық паспорттардың, Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық, қызметтік немесе консулдық карточкаларының немесе БҰҰ мен оның мамандандырылған мекемелерінің паспорттарының болуы бұл адамдардың Қазақстан Республикасы заңдарымен немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен белгіленген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатынын дәлелдейтін және оларға қатысты туған барлық мәселелерді дипломатиялық жолмен, басқаша айтқанда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен оның өкілдіктері арқылы шешуі қ а ж е т .

II. Қазақстан Республикасына жеке істер б о й ы н ш а к е л у

Шетелдіктердің туыстары мен таныстарының, ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің шақыруы бойынша Қазақстан
Р е с п у б л и к а с ы н а к е л у і

6. Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер шетел азаматтарын Қазақстан Республикасына шақыру үшін тұрақты мекеніндегі ішкі істер органына екі дана өтініш-анкета / N 1 қосымша/ мемлекеттік баж салығын төлегені туралы к в и т а н ц и я та п с ы р а д ы .

Мұндай өтініштер дұрыс қаралған жағдайда өтініш тапсырушыға белгіленген үлгідегі шақыру қағазы /N 2 қосымша/ беріледі, оны олар шетелге, шақырылған адамдарға салып жібереді. Қазақстан Республикасы визасыз сапарлар туралы келісім жасаған мемлекеттердің азаматтарының келуі үшін шақыру қағазы Қазақстан Республикасына келуге рұқсат қағазы болып табылады.

Басқа мемлекеттердің азаматтары қолдарына алған шақыру қағазымен келу-кету визаларын алу үшін шетелдегі Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі өкілдік берген басқа мемлекеттердің консулдық мекемелеріне барады.

7. Шетел азаматтарын туыстарының ауыр сырқаттануына немесе олардың қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасына шақырған жағдайда, өтініш беруші оларға тиісті медицина мекемесі куәландырған телеграф хабарын жібереді. Осы телеграммалар негізінде шетелдегі Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері, шетел азаматтарына келу-кету визаларын береді.

8. Қазақстан Республикасында қызмет бабымен, оқуда /тәжірибе жинақтауда/ жүрген шетел азаматтарының туыстары мен таныстарының Қазақстан Республикасына келуін қабылдаушы ұйымның жазбаша өтініші негізінде ішкі істер органдары қарайды. Қабылдаушы ұйымдар жазбаша өтінішпен бірге, сондай-ақ шетелден өзінің туыстары мен таныстарын шақырушы шетел азаматтарын толтырған өтініш-анкетаны /N 1 қосымша/ қоса тапсырады. Шақыру қағазы бұл жағдайда шетелдіктерге осы ұйымдардың өкілдері арқылы беріледі.

9. Тапсырылған құжаттар паспорт және виза жұмысы бөлімшелерінің есебі бойынша тексеріледі және ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісіледі. Шетелдіктер бару үшін жабық аудандарға келу туралы материалдар да Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, ал қажет болған жағдайларда қорғаныс министрлігімен / "Байқоңыр" ғарыш айлағы мен жақын орналасқан объектілерге барған жағдайларда / келісіледі.

10. Шетел азаматтарын жеке істер бойынша Қазақстан Республикасына шақырушы адамдар оларды тұрғын үймен және қажетті қаражатпен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді өздеріне алады.

Қабылдаушы ұйымдардың жұмысы бойынша жүрген шетел азаматтарының шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына келген шетелдіктерге тұрғын үй беру жөніндегі міндетті осы ұйымдар өздеріне алады, бұл олардың ішкі істер

органдарына өтінішінде көрсетілуі керек.

11. Шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар егер:

- а) халықаралық құқықтармен көзделген адамзаттың бейбітшілігі мен қауіпсіздігіне қарсы қылмыс жасаса;
- ә) Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне саналы түрде қарсы шықса, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;
- б) мемлекетаралық, ұлтаралық және діни қастандыққа шағыстырса;
- в) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қауіпсіздігіне, қоғамдық

тәртіпке, халықтың денсаулығына қатер төндіретін құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасаса;

г) террорлық қызмет үшін сотталса, не сот аса қауіпті рецидивист деп таныса;

ғ) келу туралы өтініш беру кезінде өзі туралы жалған деректер берсе немесе Қазақстан Республикасына заңсыз келсе;

д) бұрын Қазақстан Республикасынан аластатылса;

е) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген басқа жағдайларда оларға Қазақстан Республикасына келуі қабыл алынбауы мүмкін, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасынан аластатылады.

12. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың шетелден туыстары мен таныстарын шақыру туралы өтінішін қарау үшін қажетті барлық құжаттарды ішкі істер органдарына берген сәттен бастап бір айлық мерзімде қаралады. Қабылдаушы ұйымдардың өтініштері де осындай мерзімде қаралады.

Шетелдіктердің туыстарының қабірінде болу мақсатымен Қазақстан Республикасына келуі

13. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар туыстарының қабірінде болу мақсатымен Қазақстан Республикасына шетелдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық және консулдық өкілдіктері берген келу-кету в и з а л а р ы м е н к е л е д і .

14. Туыстарының қабірінде болу мақсатымен Қазақстан Республикасына келуді ресімдеу үшін шетел азаматтары шетелдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық және консулдық мекемелеріне төмендегі құжаттарды тапсырады:

- осындай сапардың қажеттігі, қайтыс болған адамға қатысын баяндаған еркін тілде жазылған өтініш, Қазақстан Республикасында болу уақыты мен мерзімі және тағы басқалары көрсетіледі;

- 16 жасқа толған әрбір келушіге толтырылған анкета (N 1 қосымша, консулдық мекеме береді);

- Қазақстан Республикасында туыстарының жерленген жерін және қабірінің сақталғандығын қуаттайтын Қазақстан Республикасы ҚЖ және ҚКҚ атқару комитетінің анықтамасын немесе Ұлттық Қызыл Крест қоғамының анықтамасын. Анықтаманың күшінде болу мерзімі 5 жыл.

Өтінішке оған қатысы бар басқа құжаттар да қоса тіркелуі мүмкін.

15. Шетелдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық және консулдық өкілдіктері мәлімдеушінің өтініші бойынша қорытынды жасайды және осындай сапардың орындылығы туралы өз пікірін білдіреді.

Қабылданған құжаттар қорытындымен бірге Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы жерленген жеріндегі аумақта қызмет көрсететін ІІББ, ІІБ жіберіледі.

16. Туыстарының қабірінде болу үшін Қазақстан Республикасында болу мерзімі әрбір нақты жағдайда жеке тәртіпте анықталады және әдетте, 30 тәуліктен аспауы керек.

17. Қабылданған шешім туралы ІІББ, ІІБ паспорт және виза жұмысы бөлімдері бір айлық мерзімде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық басқармасына хабарлайды. Хабарда өтініш берушіге қай мерзімде, қандай мекенге және қанша уақытқа Қазақстан Республикасына келуге рұқсат етілгені көрсетілуі тиіс.

18. Қабірінде болу үшін Қазақстан Республикасына келген шетелдіктер қалалық, аудандық ішкі істер органдарында жалпы негізде тіркеледі.

Сотталғандармен кездесу үшін Қазақстан Республикасына
келу тәртібі

19. Қазақстан Республикасының аумағында еңбекпен түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан шетелдіктер қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасында, сондай-ақ шетелде тұратын туыстарымен және басқа адамдармен жолығысуға құқылы. Жолығу Қазақстан Республикасының еңбекпен түзеу кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Сотталған шетелдіктер еңбекпен түзеу мекемесінің әкімшілігіне жолығысу туралы өтініш жасайды, олар осы өтініш бойынша қабылданған шешім туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйелерінің Бас басқармасына хабарлайды.

20. Жергілікті жерлердегі еңбекпен түзеу мекемелерінің хабары негізінде Қазақстан Республикасы ІІМ ҚАЖББ жолығысу орны мен уақыты туралы шешім қабылдайды және Қазақстан Республикасы СІМ Консулдық басқармасына хабарлайды. Ол шетелдегі консулдық мекемелерге жолығысуға рұқсат алған шетел азаматтарына, азаматтығы жоқ адамдарға келу-кету визаларын беру туралы өкім береді.

Жолығысу орны мен күні туралы Қазақстан Республикасы ІІМ ҚАЖББ тиісті Ішкі істер басқармаларын хабардар етеді, олар шетелден келген адамдардың жолығысу режиміне, тұруына және Қазақстан Республикасынан дер кезінде кетуіне бақылау жасайды. Келгендерді тіркеу ішкі істер органдарында жүргізіледі.

21. Қазақстан Республикасында жазасын өтеп жатқан адамның шетелде тұратын туыстары мен таныстары өтініш жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі Сыртқы істер министрлігі арқылы бұл туралы ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарын хабардар етеді. Дұрыс шешім қабылданғаннан кейін жазаны орындаушы органдар бұл туралы сыртқы істер министрлігіне хабарлайды, осының негізінде консулдық мекеме келіп-кету визасын береді.

III. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА УАҚЫТША БОЛҒАН ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ПАСПОРТТАРЫН ТІРКЕУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ЕСЕП ЖҮРГІЗУ

22. Қазақстан Республикасында уақытша болған шетелдіктердің паспорттарын тіркеуді өз құзырына сәйкес Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, оның өкілдіктері, ішкі істер органдары, мейманханалар жүзеге асырады.

23. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен оның өкілдіктерінің жұмысы бойынша Қазақстан Республикасына келген шетелдіктердің паспорттарын тіркеу (тіркеу күшінің мерзімін ұзарту) тәртібін осы ұйымдар белгілейді.

24. Қабылдаушы ұйымдардың жұмысы бойынша (туристерден басқа) Қазақстан Республикасына 30 тәуліктен аспайтын мерзімге келген шетелдіктердің паспорттары олар шақырған ұйымға келгеннен кейін үш тәулік ішінде тұратын жеріндегі қалалық, аудандық ішкі істер органдарында, демалыс және мереке күндерінен басқасында, ал Алматы қаласында ІІБ-да тіркеледі, 30 тәуліктен көп мерзімге келген адамдар ІІБ-ІІББ тіркеледі.

25. Шетелдіктердің паспорттарын тіркеу үшін олар Қазақстан Республикасына келген визалар, келісімдер, шарттар мен контрактілер негіз

болып табылады. Тіркеу визаға, паспортқа, ал ерекше жағдайларда жеке бер қағаздарға тиісті штамп (N 3 қосымша) соғу арқылы ресімделеді.

Туристік топтарды тіркеу туралы штамп немесе жазу, гербтік мөрмен куәландырылған, топтық визаның немесе ұжымдық тізімнің екінші жағына с о ғ ы л а д ы .

Штамптағы жазу айқын жазылады, ал түзету жасаған жағдайда, ол е с к е р т і л е д і .

Тіркеу оны ресімдеген қызметкердің қолымен куәландырылады. Тіркеу туралы жазу белгіленген нысандағы (N 4 қосымша) журналға жазылады.

26. Мейманханаларда және қабылдаушы ұйымдарда келген шетелдіктерге есеп журнал (N 5 қосымша) бойынша жүргізіледі. Ол нөмірленіп, тігіледі және мөр соғылады әрі қабылдаушы ұйымның сыртқы қатынастар басқармасының (бөлімінің) бастығы (протокол қызметінің), осы ұйымның басшысы немесе мейманхана басшысы қол қояды. Енгізілген түзетулер ескертіледі.

27. Шетел туристерін қабылдаушы ұйымдар олардың келгені, маршруты және тұратын жері туралы ішкі істер органдарына дер кезінде 24 сағаттан кешіктірмей х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

28. Мейманханаларда 30 тәуліктен аспайтын мерзімге туристік виза бойынша келген шетелдіктердің паспорты журнал бойынша (N 5 қосымша) тіркеледі.

Шетел азаматтары өздерінің шетелдік паспорттарын, визаларын, ұжымдық тізімдері мен турларын әкімшілікке тапсырады, олар тіркелгеннен кейін иелеріне қ а й т а р ы л а д ы .

Әр тоқсанда бір рет мейманханалардың әкімшілігі ішкі істер органдарына тіркелген шетел азаматтарының саны туралы хабарлап отырады.

29. Тіркеу қабылдаушы ұйымдардың, тұрақты шетел өкілдіктерінің турларында, жазбаша өтініштерінде көрсетілген мерзімге, шетелдіктердің визалары мен паспорттарының күшінде болу мерзімінен аспайтын уақытқа р е с і м д е л е д і .

30. Оқу орындарының даярлық факультеттеріне қабылданған шетелдік оқушылардың паспорттары осы факультеттерде оқыған мерзімге тіркеледі. Даярлық факультетін аяқтап, шетелдік оқуға қабылданған бойда олардың паспорттын тіркеу оқу орны әкімшілігінің жазбаша өтініш негізінде бүкіл оқу мерзіміне ұзартылады. Тіркеу күшінің мерзімін ұзарту осы Нұскаудың IV бөліміне с ә й к е с жүргізіледі.

31. Шетелдіктердің паспорттын тіркеуді ресімдеу үшін қабылдаушы ұйымдар ішкі істер органдарын мынадай құжаттар тапсырады:

- белгіленген үлгідегі жазбаша өтініш (N 6 қосымша);
- шетел азаматының паспортын;
- үш фото сурет (33x43 мм);

- мемлекеттік баж салығы мен қызмет үшін төлегені туралы квитанция;

Ал бір жылдан астам мерзімге келген адамдар сонымен қатар:

- Ф-16 есеп карточкасын (N қосымша) (карточкалар әдетте, көшіру қағазын пайдаланбай жазу машинкасымен толтырылады. Олар қолмен толтырылған жағдайда фамилиясы, аты және әкесінің аты айқын әріптермен жазылады);

- статистикалық есеп талонын, келу қағазын, оларда оң жақ жоғары бұрышында "и" әрпі жазылады.

32. Шетел өкілдіктері де Ф-16 есеп карточкасынан басқа, осындай құжаттар тапсырады. Тұрақты шетел өкілдіктерінің жұмысы бойынша, сондай-ақ жеке істер бойынша Қазақстан Республикасына келген шетелдіктерге есеп карточкаларын ішкі істер органының қызметкері толтырады.

33. Жеке істер бойынша Қазақстан Республикасына келген шетелдіктердің паспорттарын тіркеу олардың қолындағы шақыру туралы визалардың немесе куәліктердің (жеделхаттардың) негізінде жүргізіледі. Шақыру туралы визадан, куәліктен (жеделхаттан) басқа шетелдіктер мемлекеттік баж салығын төлеу туралы құжат тапсырады.

34. Шетелдіктерді жұмысын немесе оқуын жалғастыру үшін Қазақстан Республикасының шетелдіктер келу үшін басқа ашық мекендеріне жіберген жағдайда, қабылдаушы ұйымдар бұл туралы кететін шетелдіктер бұрын тұрған жеріндегі ішкі істер органын хабардар етеді. Ішкі істер органы паспортына қосымша бет қағаз береді (N 9 қосымша).

Шетелдіктер Қазақстан Республикасының жабық мекендеріне барған жағдайда, қабылдаушы ұйымдар ішкі істер органдары арқылы оларға тиісті рұқсат қағазын (N 1 қосымша) ресімдейді. Жабық аудандарға келу мәселесін ішкі істер органдары Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келіседі.

Шетелдіктің жаңа жұмыс, оқу орнына келуін қабылдаушы ұйымның жазбаша өтініші негізінде ішкі істер органдары ресімдейді, бұл туралы тіркеу журналына тиісті жазу жазылады. Паспортына жаңа мекендеу орны бойынша тіркелгені туралы штамп соғылады.

35. Штамп шетелдіктің алғашқы өтініш жасаған жерінде қойылады.

36. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында рұқсатпен болу және паспорттарын тіркеу күшінің мерзімі:

- кету визасы бойынша Қазақстан Республикасынан кеткенде визаның күшінде болу мерзімінің соңғы күнінде;

- визасыз тәртіпте кеткенде - тіркеудің күшінде болу мерзімінің соңғы күнінде ;

- келу-кету визалары бойынша Қазақстан Республикасынан кетіп, олар Қазақстан Республикасына қайта оралмаған жағдайда - егер шетелдегі Қазақстанның дипломатиялық өкілдігінен немесе Қазақстан Республиканың

консулдық мекемесінен шетелдіктің Қазақстанға келуге кешігуінің себебі туралы ақпарат келіп түспесе, Қазақстан Республикасына келу визасының күшінде болу мерзімі аяқталған күннен бастап бір ай өткен бойда тоқтатылады.

37. Қабылдаушы ұйымдар демалысы, каникулы аяқталғаннан кейін бір ай ішінде шетелден қайтып оралмаған барлық шетелдіктер туралы оларды есептен шығару үшін ПББ, ПБ хабарлайды. Сонымен бірге, белгіленген тәртіпте тіркеу үшін олар шетелде болуы кезінде алмастырылған шетелдіктердің паспорты тапсырылады.

IV. ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БОЛУ МЕРЗІМІН ҰЗARTУ

38. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мерзімін ұзарту туралы шешімді ішкі істер органдары қабылдайды.

Қабылданған шешім негізінде шетелдіктердің өз қолындағы кету визасы мен олардың паспорттарын тіркеу күшінің мерзімі ұзартылады.

39. Кету визаларының күшінде болу мерзімін ұзартуды ішкі істер органдары ресімдейді.

40. Визалардың күшінде болу мерзімін ұзарту кету визаларының тиісті графасына жазу арқылы ресімделеді, ПМ, ПББ, ПБ, қалалық, аудандық ішкі істер органының паспорт және виза жұмысы бөлімінің басқармасының виза мөрі соғылады және бастығы не оның орынбасары қол қояды.

41. Шетелдіктердің паспорттарын тіркеу күшінің мерзімін ұзарту тіркеу мерзімін ұзарту туралы штамп соғу арқылы жүргізіледі және ұзартуды ресімдеген қызметкердің қолымен куәландырылады.

42. Ішкі істер органдары шетелдіктердің келу визасы мен паспорттарын тіркеу күшін ұзартуды :

- Қазақстан Республикасына қабылдаушы ұйымдардың жұмысы бойынша келсе, сондай-ақ Қазақстандағы тұрақты шетел өкілдіктері қызметкерлерінің шақыруы бойынша келсе - осы ұйымдар мен өкілдіктердің жазбаша өтініші негізінде ;

- Қазақстан Республикасына жеке істер бойынша келсе шетелдіктердің жеке дәлелді өтініші мен оларды шақырған адамдардың өтініші негізі ресімдейді.

Аталған өтініштер мен арыздардан басқа ішкі істер органдарына визалар, паспорттар және мемлекеттік баж салығын және қызмет үшін төлегені туралы құжаттар тапсырылады.

43. Шетелдік келу және аялдап өту визаларының мерзімі өткен Қазақстанда жеке істері бойынша жүрген шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мерзімін ұзарту кезінде шетелдік келу және аялдап өту визаларын ұзарту

қажеттілігі түсіндіріледі. Қазақстан Республикасында басқа мақсаттармен жүрген шетелдіктерге бұл туралы қабылдаушы ұйымдарды және тұрақты шетел өкілдіктерінің өкілдері арқылы хабарланады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға келу туралы өтінішті қарау

44. Шетелде тұратын және Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға келуге ниет білдірген шетелдіктер Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктеріне, консулдық мекемелеріне осы мәселелер жөнінде өтініш тапсырады. Осы өтініш шетелдіктер толтырған екі дана анкетамен және Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерінің немесе консулдық мекемелерінің қорытындыларымен бірге мәлімдеушінің өтінішіне тікелей байланысты Сыртқы істер министрлігі арқылы шетелдіктің туысқаны (танысы) тұратын жердегі көші-қон департаментіне жіберіледі.

Аталған құжаттармен бірге көші-қон департаментіне өтінішке қатысы бар басқа материалдар да жіберілуі мүмкін. Олар қазақ немесе орыс тілінде жазылуы тиіс не аудармасы болу қажет.

Шешім қабылданғаннан кейін көші-қон департаменті ол туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне хабарлайды.

Осы шешім негізінде шетелдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі келу визасын береді.

45. Шетелдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері берген келу визалары келген шетелдіктерге белгіленген үлгідегі ықтияр хатын құжаттауға негіз болып табылады.

V. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТҰРУҒА ЫҚТИЯР ХАТ БЕРУ

46. Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хатты шетел азаматтарына тұрақты тұруға арналған рұқсат негізінде ішкі істер органдары береді.

47. Қазақстан Республикасында уақытша болған шетел азаматтар Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру туралы өтінішті тікелей тұратын мекеніндегі ішкі істер органына өзі азаматтығында тұрған мемлекеттің және көші-қон департаментінің жазбаша келісімімен бірге тапсырады.

Көші-қон квотасына сәйкес келген шетел азаматтарына тұруға арналған ықтияр хат Қазақстан Республикасының "Көші-қон туралы" Заңымен белгіленген тәртіпте беріледі.

48. 16 жасқа толған шетел азаматтарына Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хатты олар тұрақты тұратын мекендегі ішкі істер органдары шетелдік

паспорттары күшінде болған мерзімге, бірақ кем дегенде 5 жылға, ал 45 жасқа толғандарға - ұлттық паспорты күшінде болған бүкіл мерзімге береді. Азаматтығы жоқ адамдарға тұруға арналған ықтияр хат 16 жасқа толғанда, ал одан әрі 25 және 45 жасқа толғанда беріледі.

Қолында бар ықтияр хаттың мерзімін ұзарту туралы немесе жаңа ықтияр хат беру туралы өтінішті шетел азаматтары өздері тұратын мекендегі ішкі істер органдарына тұруға арналған ықтияр хаттың күшінің мерзімі аяқталуға 10 күн қалғанда, ал оны жоғалтқанда шапшаң тапсыруы тиіс.

49. Қолдарындағы шетел паспорттарының күшінде болу мерзімі аяқталған күннен бастап алты ай ішінде жаңа немесе ұзартылған құжаттар тапсырмаған шетел азаматтарына ішкі істер органдары азаматтығы жоқ адамдарға арналған Қазақстан Республикасында тұруға арналған ықтияр хат береді.

50. Азаматтығы жоқ адамдарға арналған Қазақстан Республикасында тұруға арналған ықтияр хат, егер оның иесі ішкі істер органдарына күші бар ұлттық паспорт тапсырады, шетел азаматына арналған Қазақстан Республикасында тұруға арналған ықтияр хатпен алмастырылады.

51. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары Қазақстан Республикасы азаматтары үшін көзделген тәртіпте тұрақты және уақытша тұратын мекені бойынша тіркелуі керек.

52. Емдеу мекемелерінде, мүгедектер мен қарттар үйінде жатқан, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуші шетелдіктер аталған орындарды болу кезеңінде тұруға арналған ықтияр хат алудан, ұзартудан және алмастырудан босатылады.

Емдеу мекемесінен, мүгедектер мен қарттар үйінен шыққан жағдайда, бас бостандығынан айыру орындарынан босағанда шетелдіктер тұруға арналған ықтияр хат алуға міндетті.

53. Тұруға арналған ықтияр хат күшінің мерзімі аяқталуға кем дегенде 10 күн қалғанда шетелдіктің тұратын мекеніндегі ішкі істер органына жаңа тұруға арналған ықтияр хат беру немесе тұруға арналған ықтияр хаттың мерзімін ұзарту туралы өтініш жасағаны не жасамағаны тексеріледі.

54. Тұруға арналған ықтияр хатты алу, ұзарту және алмастыру үшін шетелдіктер ішкі істер органдарына:

- белгіленген нысандағы өтініш (N 11 қосымша);
- күші бар паспортын тапсырады (шетел азаматтары үшін);

Шетелден келген шетел азаматтары алғашқы құжатты кезінде паспорты мен өтініштен басқа, сондай-ақ:

- Қазақстан Республикасын келуге арналған Қазақстан визасын;
- 33x43 мөлшерлі төрт фотосурет;
- тұруға арналған ықтияр хат бергені үшін мемлекеттік баж салығын және

көрсеткен қызмет үшін төлем төлеу туралы квитанция;
- тұратын жерінен бірге тұратын барлық отбасы мүшелері көрсетілген анықтама мен жұмыс орнынан анықтама (қайтадан тұрақты тұруға келгендерден б а с қ а) т а п с ы р а д ы .

55. Шетелдіктердің тұруға арналған ықтияр хаттарын ресімдеу үшін қ ұ ж а т т а р ы :

- облыс орталықтарында тұратындардан - ПББ,ПБ;
- басқа мекендерде тұратындардан - қалалық, аудандық ішкі істер органдарында (милиция бөлімшелерінде) қабылданады.

56. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға тұруға арналған ықтияр хат Қазақстан Республикасындағы паспорт жүйесі туралы Ережеге сәйкес б е р і л е д і .

57. Тұруға арналған ықтияр хат жоғалған жағдайда шетелдіктерден Қазақстан Республикасындағы тұрақты тұратын мекені бойынша ішкі істер органдары жаңа тұруға арналған ықтияр хат беру туралы өтініш қабылданады, оған жоғалған ықтияр хаттың орнына жаңа тұруға арналған ықтияр хат бергені үшін мемлекеттік баж салығын төлегені туралы квитанция қоса тіркеледі. Өтініште жоғалту себебі, уақыты және орны көрсетіледі.

58. Тұруға арналған ықтияр хаттар мына жағдайларда ішкі істер органдарына тапсырылуы керек:

- Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданғандар Қазақстан Республикасының азаматы паспортын алған жағдайда;
- шетелдік қайтыс болған жағдайда (ЗАГС органы оның ықтияр хатын паспортымен бірге қайтыс болған адам есепте тұрған ішкі істер органына жібереді);
- ескі ықтияр хатты жаңа тұруға арналған ықтияр хатқа алмастырған жағдайда.

59. Тұруға арналған ықтияр хатын ауыстырған немесе жоғалған құжаттарының орнына басқа құжаттар алған шетелдіктерді тіркеу кезінде алғашқы құжаттарда көрсетілген тіркеу күні қойылады.

VI. ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫ БОЙЫНША ЖҮРІП-ТҰРУЫ

60. Шетелдіктер сапары туралы ескерткен жағдайда шетел азаматтары келіп-кету үшін ашық Қазақстан Республикасы аумағы бойынша емін-еркін

61. Қабылдаушы ұйымдардың жұмысы бойынша Қазақстан Республикасында уақытша болған шетелдіктер сапары туралы осы ұйымдардың әкімшілігіне ескертеді. Қазақстанда тұрақты тұратын немесе істері бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы тұрақты шетел өкілдіктерінің жұмысы бойынша Қазақстан Республикасы келген шетелдіктер ішкі істер органдарын ескертеді.

Ескерту еркін тілде жазылған жазбаша өтініш түрінде жүзеге асырылып, онда бару мекені, мерзімі және осы мекенде болатын мекен-жайы көрсетіледі. Ішкі істер органы қосымша бет қағаз (N 9 қосымша), ал жабық аудандарға кеткен жағдайда Ұлттық Қауіпсіздік органдарымен келісім бойынша рұқсат қағаз б е р і л е д і .

Уақытша кету мекені келген бойда шетелдік ішкі істер органында өзінің болуын тіркетуі керек. Бұл үшін ол қабылдаушы ұйымның әкімшілігіне немесе ішкі істер органына өтініш жасайды. Уақытша болуы тіркеу журнал бойынша (N 4 қосымша) жүзеге асырылып, шетелдіктің іссапар куәлігіне, қосымша бет қағазына немесе рұқсат қағазына ішкі істер органының тиісті штампы соғылады.

62. Жеке немесе қызмет автокөлігімен жүрген, сондай-ақ халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асырушы шетел азаматтары шетелдіктер бару үшін ашық аумақтағы автомобиль жолдарымен емін-еркін жүре алады. Олардың шетел азаматтары бару үшін жабық аумақтарға жақын орналасқан автомобиль жолдарымен жүруі ішкі істер органдарының рұқсаты бойынша жүзеге а с ы р ы л а д ы .

63. Шетел азаматтары бару үшін жабық мекендерге, соның ішінде жеке немесе қызмет автокөлігімен, келуге рұқсатты бұл адамдарға ішкі істер о р г а н д а р ы :

- Қазақстандағы қабылдаушы ұйымдардың жұмысы бойынша Қазақстан Республикасына келгендерге - осы ұйымның белгіленген тәртіпте келісілген жазбаша өтініші негізінде береді. Қазақстан ұйымдарының өтініш бойынша шетел азаматтарына бірнеше рет сапар жасауға рұқсат ресімделуі мүмкін.

- тұрақты шетел өкілдіктерінің жұмысы бойынша, жеке істері бойынша келгендерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратындарға - олардың жеке өтініштері негізінде.

64. Қабылдаушы ұйымдардың жұмысы бойынша және жеке істері бойынша Қазақстан Республикасына келген шетелдіктерге жабық мекендерге сапар шегуге рұқсат (рұқсат қағаз) жазбаша өтініш түскен сәттен бастап 20 күн ішінде беріледі (Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 12.08.92 ж. N 645-25 Қаулысына сәйкес), онда осы аудандарда болу мерзімі қоса көрсетіледі.

Шұғыл жағдайларда (туыстарының қайтыс болуы, ауыр науқастануы құжатпен қуатталса) рұқсат дереу беріліп, артынан ҰХК органдары хабардар

е т і л е д і .

65. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар басқа облыстарға тұрақты тұруға көшкен жағдайда тұратын мекеніндегі ішкі істер органдарынан рұқсат алуы керек. Көшуге рұқсат берген орган артынан бұл туралы ұлттық қауіпсіздік органын хабардар етеді.

66. Жабық мекендерге тұрақты тұруға көшкен жағдайда рұқсат ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісілгеннен кейін беріледі.

VII. ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНА ВИЗА БЕРУ

67. Шетел азаматтарына Қазақстан Республикасына келуге визаны (келу) және Қазақстан Республикасына келуді - Қазақстан Республикасынан кетуді (келу-кету) шетелде Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері, ал олар жоқ болған жағдайда - арнайы өкілеттік берілген органдар ресімдейді.

Шетел азаматтарына Қазақстан Республикасынан кетуге визаны (кету) және Қазақстан Республикасынан кетуге - Қазақстан Республикасынан келуге визаны (кету-келу) Қазақстан Республикасы аумағында Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі, облыстық ішкі істер басқармалары береді. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының қалалық және аудандық ішкі істер органдарына да осындай құқық берілуі мүмкін.

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға виза ресімдеу Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы Нұсқауға сәйкес жүргізіледі.

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға алғашқы виза ресімдеу ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісіледі.

VIII. ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫ

АРҚЫЛЫ АЯЛДАП ӨТУІ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

68. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әуе, теміржол және теңіз көлігімен белгіленген еліне аялдап өтуіне оларда Қазақстан Республикасына көршілес мемлекетке келу үшін жарамды құжаттары мен Қазақстан Республикасының аумағындағы портқа, станцияға, аэровокзалға келген сәттен бастап 72 сағаттан кешікпей Қазақстан Республикасы аумағындағы ауысып міну пунктінен кету күні қуатталған тиісті жол жүру құжаттары болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

69. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы аялдап өтетін шетелдіктер

Қазақстаннан кететін шекара пунктіне белгіленген маршрут бойынша жүреді және республика аумағында тек Қазақстанның аялдап өту визаларында көрсетілген пункттерде ғана аялдай алады.

70. Аялдап өту сапарын жеке автомобильмен немесе автобуспен топ құрамында туристік мақсатта пайдаланушы шетелдіктер Қазақстан Республикасына келу үшін автотурлар алуға міндетті және баратын мекені көрсетілген тиісті туристік визасы болу керек.

71. Қазақстан Республикасы азаматтардың өзара визасыз сапарларының шарты туралы келісім жасаған мемлекеттердің азаматтарына өздерінің Қазақстанда болу мерзімі 24 сағаттан аспайтын жағдайларда ғана жеке автокөлік құралдарымен республика аумағы арқылы аялдап өту үшін автотурларсыз Қазақстанға келуге рұқсат етіледі. Барлық қалған жағдайларда олардың автотурлары болуға міндетті.

72. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарымен аялдап өтуші шетелдіктер, соның ішінде халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асырушылар, демалу және тамақ ішу үшін тек бағытындағы мекендерге ғана тоқтай алады.

73. Қазақстан Республикасына теміржолмен, соның ішінде Қазақстан аумағы арқылы аялдап өтетін поездбен келе жатқан шетелдіктер поезд аялдаған уақытта қолданылып жүрген кестеде көрсетілген станцияларға түсуге құқылы. Оларға станциядан және вокзал төңірегіндегі алаңнан тыс жерге шығуға рұқсат етілмейді.

74. Қазақстан Республикасы аумағында бір немесе бірнеше мекендерде 242 сағаттан көп мерзімге аялдайтыны туралы көрсетілген аялдап өту визасы бар шетелдіктер әрбір осы мекендерде ішкі істер органында өз паспортын тіркеуге және Қазақстаннан өзіне белгіленген болу мерзімінен кешікпей кетуге міндетті. Мұндай шетелдіктердің паспорттарын ішкі істер органдары шетелдіктердің жазбаша өтініштері негізінде визаларда көрсетілген мерзімге тіркейді және паспортқа штамп (N 3 қосымша) соғу арқылы ресімдейді.

Шетелдіктерге паспортын және аялдап өту визасын тапсыру кезінде ішкі істер органы оларға рұқсат етілген болу мерзімін және Қазақстан Республикасынан кету күнін хабарлайды, оларға Қазақстан Республикасында болудың белгіленген ережелерін сақтау керектігі туралы ескертеді.

75. Аялдап өтіп бара жатқан және Қазақстан Республикасы аумағында 24 сағаттан көп мерзімге амалсыздан кідіріп қалған шетелдіктер кідірген сәттен кейінгі тәулік ішінде ішкі істер органдарында Қазақстанда болуға рұқсат ресімдеуге міндетті. Қазақстан Республикасы аумағында шетелдіктердің амалсыздан кідіруін ресімдеу мынадай жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін:

- поездың, автокөлік құралының, кемеңің немесе ұшақтың қозғалысын

бөгеген табиғат апаты жағдайында;

- қандай да болмасын бөлшегінің сынуы немесе жол-көлік оқиғасы нәтижесінде бүлінген автокөлік құралын жөндеу үшін;

- сырқаттанған жағдайда, дәрігердің қорытындысы бойынша сырқат адамның одан әрі жүруі оның денсаулығына қауіпті болса. Бұл жағдайда онымен бірге келе жатқан отбасы мүшелері немесе бірге жүрген адамдар сырқат адаммен бірге қ а л а а л а д ы ;

- тараптық мекенде бір көлік құралынан екінші көлік құралына ауысып міну б ө л е н г е н ж а ғ д а й д а .

Амалсыздан кідіру шетелдіктерге амалсыздан кідіруді тудырған себептерді жойғанға дейінгі уақытта орын алған қала немесе басқа елді мекен шегінде ғана б о л у ғ а қ ұ қ ы л ы .

76. Амалсыздан кідірген шетелдіктерді тіркеуді, ал қажет болған жағдайларда олардың қолдарындағы аялдап өту визаларының күшінің мерзімін ұзартуды ПББ, ПБ ресімдейді. ИМ, ПББ, ПБ рұқсатымен амалсыздан кідіру облыс орталықтарынан едәуір қашықтықта орналасқан жағдайларда тіркеуді қалалық, аудандық ішкі істер органы ресімдеуі мүмкін.

Амалсыздан кідіруді ресімдеу үшін шетелдіктер ішкі істер органдарына төмендегі құжаттарды тапсыруға міндетті:

а) кідіруге рұқсатты ресімдеу туралы өзінің жазбаша өтінішін;

ә) п а с п о р т ы м е н в и з а с ы н ;

б) тиісті қазақстандық ұйымның немесе мекеменің жүру жолындағы кідірістің себебі мен ұзақтығын қуаттайтын анықтамасын.

77. Тіркеу ұлттық паспортына штамп соғу арқылы (N 3 қосымша) ресімделеді .

Тіркеудің күшінде болу мерзімі амалсыздан кідіруді тудырған себептерді жою үшін қажетті уақытпен белгіленеді. Ауруханада жатқан шетелдіктердің паспорттарын ресімдеу олар жазылып шыққаннан кейін ресімделеді. Олардың отбасы мүшелерінің және олармен бірге жүрген адамдардың паспорттары амалсыздан кідірген сәттен бастап бір тәулік ішінде медицина мекемесінің сырқат шетелдікті емдеу үшін қажетті анықтамасында көрсетілген мерзімге т і р к е л е д і .

78. Республикасы аумағында 24 сағаттан аспайтын уақытқа амалсыздан кідірген шетелдіктерге ішкі істер органдарына аялдар өту визасын ұзартпай-ақ Қазақстан Республикасынан кетуге рұқсат етіледі.

79. Жүру бағытын және Қазақстан Республикасынан кететін шекара пунктін өзгертуге ниет білдірген шетелдіктер ішкі істер органдарынан рұқсат алуға м і н д е т т і .

Шетелдіктер осы мәселе бойынша өтініш жасаған жағдайда ол ПББ, ПБ

паспортын, қазақстандық аялдап өту визасын және жүру бағытын өзгерту қажеттігін тудырған себептерді және кететін бақылау-тексеру пунктін, сондай-ақ көздеп отырған бару бағытын мен кететін бақылау-тексеру пунктіне көрсете отырып жазбаша өтініш тапсырады.

IX. ШЕТЕЛДІКТЕРДІ, ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАР МЕН БАСҚА
А З А М А Т Т А Р Д Ы
ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
Б О Л У
ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУ

80. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу ережелерін шетелдіктерді бұзғаны үшін, атап айтқанда Республикада тұруға құқық беретін құжаттарсыз немесе заңды күші жоқ құжаттар бойынша тұрғаны, белгіленген тіркеу, не жүріп-тұру және тұрғылықты мекенін таңдау тәртібін сақтамағаны, өздеріне белгіленген болу мерзімі аяқталған бойда кетуден бұлтарғаны үшін оларға әкімшілік ықпал ету шаралары ретінде ескерту жасалуы немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мөлшерде айып салынуы мүмкін. Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу ережелерін қасақана бұзушы шетелдіктер қылмысты жауапқа тартылуы мүмкін.

81. Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу ережелерін бұзуға жол берген шетелдіктерге милиция қызметкерлері бұзушылық сипаты мен жайттарын егжей-тегжейлі баяндай отырып әкімшілік бұзуға жол берген шетелдіктерге милиция қызметкері бұзушылық сипаты мен жайттарын егжей-тегжейлі баяндай отырып әкімшілік бұзушылық туралы хаттама толтырады (N 3 қосымша). Бұзушылық жасаушының жеке басын куәландыратын паспорты туралы деректерді жазу кезінде тіркеуі туралы мынадай мәліметтер көрсетіледі: нөмірі, ішкі істер органы (мейманхана), тіркеудің күшінде болу м е р з і м і .

Шетел азаматы мемлекеттік тілде немесе ұлтаралық қатынас тілінде сөйлемесе немесе нашар сөйлесе хаттама толтыру кезінде міндетті түрде а у д а р м а ш ы қ а т ы с т ы р ы л а д ы .

Шетелдіктің паспортына оны әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы белгі соғылады (N 19 қосымша).

82. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес болу ережесін бұзған шетелдіктерге, сондай-ақ олардың одан әрі болуы үшін негіз жоқ болған жағдайларда, оларға белгіленген Қазақстан Республикасында болу мерзімі қ ы с қ а р т ы л у ы м ү м к і н .

Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту туралы шешімді шетелдікте Қазақстанда жұмысы бойынша жүрген қабылдаушы ұйымдардың жазбаша өтініші бойынша немесе өзінің инициативасы бойынша ІМ, ПББ, ПБ паспорт және виза жұмысы басқармасының (бөлімінің) бастығы, қалалық аудандық ішкі істер органдарының басшылары қабылдайды.

83. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мерзімін және олардың паспорттарын тіркеу күшін қысқарту туралы жазбаша өтінішті қабылдаушы ұйымдардың әкімшілігі ПББ, ПБ-на шетелдіктерді жұмыстан босату немесе оқу орнынан шығару туралы бұйрық шыққаннан кейін 48 сағаттан кешіктірмей т а п с ы р а д ы .

84. Жеке істері бойынша немесе Қазақстан Республикасындағы тұрақты шетел өкілдіктерінің жұмысы бойынша Қазақстанға келген шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту туралы шешім ішкі істер органы немесе ұлттық қауіпсіздік органдар қызметкерлерінің ұсыныстары мен рапорттары негізінде қабылданады.

Тұрақты шетел өкілдіктерінің жұмысы бойынша жүрген шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту үшін осы өкілдіктердің немесе осы өкілдіктер тіркелген Қазақстандық ұйымдардың жазбаша өтініштері де негіз бола алады .

85. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту туралы шешім барлық жағдайларда ІМ, ПБ, ПБ паспорт және виза жұмысы бөлімшелері бастықтарының немесе олардың орынбасарларының жазбаша өкімдерімен ресімделеді .

86. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мерзімін қазақстандық қабылдаушы ұйымдардың өтініштерінде көрсетілген мерзімге қысқартылады. Жеке істері бойынша немесе Қазақстан Республикасындағы тұрақты шетел өкілдіктерінің жұмысы бойынша Қазақстанға келген адамдар үшін бұл мерзімді ішкі істер органдары қайтар жолға билет сатып алу үшін және бақылау-өткізу пунктіне бару үшін қажетті уақытты ескере отырып белгілейді.

87. Қазақстан Республикасынан кету үшін жарамды келу-кету визалары бар шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқартуды ресімдеу паспорттағы тіркеу штапмының қасына штамп (N 14 қосымша) соғу арқылы жүргізіледі .

88. Шетелдіктерге паспорттарын тапсыру кезінде (қабылдаушы ұйымдардың жұмысы бойынша келгендерге - осы ұйымдардың өкілдері арқылы) олардың Қазақстан Республикасында болу мерзімі қысқартылғаны және белгіленген мерзімде Қазақстаннан кетуге міндетті екені, ал кетпеген жағдайда Қазақстан Республикасынан аластатылатыны хабарланады. Соңғы ескерту Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық режимі туралы заңды

бұзған адамдарға ғана қолданылады.

89. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шетелдіктер Қазақстан шекарасынан егер олардың іс-әрекеті мемлекеттік қауіпсіздікті немесе қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету мүдделеріне қайшы келген; егер бұл халықтың денсаулығы мен құлықтылығын қорғау, Қазақстан Республикасының азаматтары мен басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болған; егер олар Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық ережелері туралы заңды, кеден, валюта заңдарын бұзған жағдайларда аластатылатын болады.

90. Қабылдаушы ұйымдардың жұмысы бойынша Қазақстан Республикасына келген шетелдіктерді аластату туралы жазбаша өтінішті осы ұйымдар Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген негіздер болған жағдайда дереу ІІМ, ІІББ, ІІБ барар алдында жазады.

Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген негіздер болған жағдайда ондай шетелдіктерді аластатуға арналған материалдарды ішкі істер органдары немесе ұлттық қауіпсіздік органдары өз инициативасы бойынша ресімдей алады. Бұл жағдайларда, сондай-ақ тұрақты тұратын, сондай-ақ жеке істері бойынша немесе Қазақстан Республикасындағы тұрақты шетел өкілдіктерінің жұмысы бойынша Қазақстанда жүрген шетелдіктерді Қазақстан Республикасынан аластатқан жағдайда аластату материалдары осы органдардың ұсыныстары мен рапорттары негізінде ресімделеді және қаралады.

91. Барлау қызметімен, біржақты, өсек-жала ақпарат жинаумен, таратумен айналысатын, валюта және кеден заңдарын бұзған не мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделеріне қайшы келетін басқа іс-әрекеттерге жол беретін, қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін негіз болмаған жағдайларда, шетелдіктерді аластату туралы шешімді Қазақстан Республикасының ҰҚК қабылдайды, осы шешімі туралы Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі мен Сыртқы істер министрлігін хабардар етеді.

92. Өздеріне қатысты аластату туралы шешім қабылданған шетелдіктер ішкі істер органдары белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасынан кетуге бұлтарған немесе ішкі істер органдарынан жасырынған жағдайларда прокурордың мақұлдауымен оларды күштеп (конвоймен) аластату үшін қажетті мерзімге қамауға алынады.

93. Шетелдіктерді қамауға алу және күштеп аластату (конвоймен) республика прокурорының немесе Қазақстан Республикасынан аластатылған шетелдіктің болған жеріндегі облыстың прокурорының (Алматы қаласында - қала прокурорының) мақұлдауымен ІІМ, ІІББ, ІІБ қаулысы бойынша жүргізіледі. Сонымен бірге аластатылатын және мемлекеттік шекара арқылы тапсырылатын адамдарға мынадай құжаттар берілу қажет:

- екі данада Қазақстан Республикасынан аластату туралы қорытынды (N қ о с ы м ш а) ;

- шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы аялдап өту Ережелерін бұзғаны үшін аластатылатын адамдардың виза мөрімен куәландырылған тізімі (2 данада);

- туристік жолдамамен немесе жеке және қызмет бабындағы істермен келген адамдар үшін кету визасы бар жеке басын куәландыратын құжат;

- жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы шетел мемлекетінің елшілігінен алынған жеке басын куәландыратын анықтама немесе қайтып келу

т у р а л ы

к у ә л і к .

94. Өздеріне қатысты қылмыстық іс қозғалған, бірақ оларды Қазақстан Республикасынан аластатуына байланысты оны тоқтату туралы шешім қабылданған шетелдіктер қылмыстық істі қараған тергеу органдары шығарған қаулы бойынша аластатылады. Бұл жағдайда қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы Қазақстан Республикасынан аластату туралы қорытынды болып табылады. Қамауда жатқан айыпталушы Қазақстан Республикасынан прокурордың мақұлдауынсыз аластатылады.

95. Осы Нұсқаудың 83 тармағынан бастап 95 тармағына дейін айтылған ережелер шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу Ережелерінің 17 тармағының "а" тармақшасында аталған адамдардың бәріне, сондай-ақ аталған Ережелердің 18 тармағында аталған және Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын адамдарға таралмайды.

96. Аластату жөніндегі шығындарды аластатылатын шетелдіктердің өзі, не қабылдаған ұйымдар немесе жеке адамдар, ал айрықша жағдайларда ішкі істер о р г а н д а р ы ө т е й д і .

97. Шетел елшіліктері мен консулдықтарының конвоймен Республикадан аластатылуға тиісті қамауға алынған шетелдіктермен өз өкілдерінің кездесуін ұйымдастыру туралы өтініштері аластату туралы қаулыны мақұлдаған прокурордың рұқсатымен қанағаттандырылады. Осындай кездесуге рұқсат ету туралы хабар ПМ, ПББ, ПБ Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінен келіп түседі. Кездесу прокурордың, ПМ, ПББ, ПБ қызметкерінің және Қазақстан Республикасы СІМ қызметкерінің қатысуымен, ал Ұлттық қауіпсіздік комитеті органының құзырына жататын істер бойынша - олардың өкілдерінің қатысуымен өтеді және сұхбат барысы жазылып отырады.

98. Аластатылатын шетелдіктердің кету мерзімі анықтау кезінде мыналар ескерілуі керек:

а) шетелдік кету және аялдап өту визаларының күшінде болу мерзімі;
ә) аластатылатын адамның кәсіпорынмен, оқу орнымен немесе мекемемен есеп айырысу қажеттігі;

б) Қазақстан Республикасынан әкетілуі мүмкін емес мүліктерін сату немесе тапсыру уақыты.

99. Аластатылатын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, аластатылатын адаммен бірге Қазақстан Республикасынан кетуге ниет білдірген отбасы мүшелеріне өздерінің Қазақстаннан кетуі туралы мәселені олар заңмен белгіленген тәртіпте шеше алатыны түсіндіріледі. Мұндай мәселелерді қарау шетелдіктерді аластату мерзіміне ықпал ете алмайды.

100. Қазақстан Республикасынан аластатылатын Қазақстанда уақытша болған шетелдіктерге берілетін визаларға "Аластату" деген жазу жазылады.

Х. ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ПАСПОРТТАРЫН ЖӘНЕ КЕТУ ҚҰЖАТТАРЫН ЖОҒАЛТУЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕУІ

101. Өзінің паспортын, шақыру қағазын немесе оны алмастыратын құжатын жоғалтқаны жөнінде шетелдік қалалық, аудандық ішкі істер органына арыз жазып өтініш жасауы керек. Онда паспортын қашан, қайда және қандай жағдайда жоғалтқанын егжей-тегжейлі баяндайды. Шетелдіктердің арызы негізінде қалалық, аудандық ішкі істер органы оған белгіленген үлгідегі анықтама (N 15 қ о с ы м ш а) б е р е д і .

Берілген анықтама негізінде шетел азаматы өзі азаматтығында тұрған мемлекеттің өкілдігінде жаңа паспорт немесе қайтаруға арналған құжат (куәлік) алады, ішкі істер органы жаңа кету визасын соған ресімдейді.

Қабылдаушы ұйымдардың шақыруы бойынша келген адамдар ішкі істер органына осы ұйымдар арқылы өтініш жасайды.

ХІ. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДА ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ ЖЕКЕ ЕСЕП Ж Ү Р Г І З У

Ж а л п ы м ә с е л е л е р .

102. Өз құзырына сәйкес ішкі істер органдары өздері тіркеген шетелдіктерге жеке есеп жүргізеді, соның негізінде шетел азаматтарының құқықтық ережелері туралы, Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларының сақталуына бақылау жасалады және

қажетті шаралар мен шешімдер қабылданады.

103. Шетелдіктерге жеке есепті ПМ, ПББ, облыстық ПБ паспорт және виза жұмысы басқармалары (бөлімдері) мен қалалық, аудандық ішкі істер органдарының паспорт және виза жұмысы бөлімшелері жүргізеді.

ПМ, ПББ, ПБ-да шетелдіктерге жеке есеп жүргізу республикалық,

облыстық және қалалық алфавиттік анықтама және арнаулы карточкалар бойынша жүзеге асырылады.

Алфавиттік-анықтама карточкалары есеп карточкаларынан (N 16 қосымша) құрылады.

Арнаулы карточкалар осы Нұсқауға N 46 қосымшада көрсетілген карточкалардан құрылады.

Қазақстан Республикасы ПМ-де шетелдіктерге есеп жүргізу

104. Қазақстан Республикасы ПМ-нің алфавиттік-анықтама карточкасында тұрақты тұратын және бұрын тұрған шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, сондай-ақ саяси эмигранттарға есеп жүргізіледі.

105. Қазақстан Республикасы ПМ-нің арнаулы карточкалардан құралатын арнаулы карточкасында Қазақстан Республикасында болу ережелерін бұзған және әкімшілік әрі қылмыстық жауапкершілікке тартылған шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға есеп жүргізіледі (N 16 қосымша).

ПББ-да, ПБ-да шетелдіктерге есеп жүргізу

106. Облыстық, қалалық ПББ-да, ПБ-да алфавиттік-анықтама карточкасында:

а) облыс, қала аумағында тұрақты тұратын және тұрған шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдар мен саяси эмигранттарға;

ә) жеке, қызмет бабындағы, сауда немесе қоғамдық істері бойынша, оқу, өндірістік практика өту, біліктілігін арттыру, үкіметарқылы келісімдерге сәйкес жұмыс істеу үшін уақытша тұруға, сондай-ақ демалуға, емделуге және басқа мәселелермен, егер олардың паспорттары ішкі істер басқармасында тіркелсе, шетелден немесе республиканың басқа жерлерінен келген шетелдіктерге, а з а м а т т ы ғ ы ж о қ а д а м д а р ғ а ;

б) шетел азаматтары деп танылған аралас некеден туған балаларға есеп

ж ү р г і з і л е д і .

107. Облыстық, қалалық ІІББ-да, ІІБ-да төмендегідей арнаулы карточкалар ж ү р г і з і л е д і :

а) нақты тұратын шетелдіктердің азаматтығы жөніндегі карточкалар. Бұл карточка арнаулы карточкалардан құрылады (N 16 қосымша), шетел азаматтарына азаматтығы бойынша, ал азаматтығы жоқ адамдарға бұрынғы азаматтығы бойынша, сонан-соң шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың әрбір категориясына жеке-жеке алфавит бойынша ажыратып б ө л і н е д і .

ә) сотталған және жазасын өтеу үшін бас бостандығынан айыру орындарына жіберілген шетелдіктерге арналған карточка, бұл арнаулы карточкалардан (N 16 қ о с ы м ш а) к ұ р ы л а д ы .

б) Қазақстан Республикасында болу ережелерін бұзушы шетелдіктерге арналған картотека фамилиясының алфавиті немесе азаматтығы бойынша іріктелген есеп карточкаларынан (N 46 қосымша) құрылады.

Шетелдіктерді есептен шығару кезінде карточкалары арнаулы карточкадан а л ы н а д ы ж әне ж о й ы л а д ы .

108. Мейманханаларда тұратын және мейманханалар 30 тәулікке дейінгі мерзімге тіркеген шетелдіктер мейманханалар ІІБ, қалалық, аудандық ішкі істер органына тоқсанына бір рет беретін сандық мәліметтер бойынша есепке алынады .

Қалалық, аудандық ішкі істер органдарында
шетелдіктерге есеп жүргізу

109. Қалалық, аудандық ішкі істер органдарының (милиция бөлімшелерінің) паспорт және виза қызметі бөлімшелерінде, паспорт бөлімшелерінде қызмет көрсететін аумақты нақты тұратын шетелдіктерге есеп жүргізіледі.

Болу мерзіміне бақылау жасау есеп карточкалары (N 16 қосымша) бойынша және арнаулы журналдар (N 4 қосымша) бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, сондай-ақ бір жылдан астам мерзімге келген адамдар карточка бойынша есепке алынады. Бір жылға дейінгі мерзімге уақытша келген адамдар тіркеу журналы бойынша есепке алынады.

Милицияның учаскелік инспекторлары шетелдіктердің болу мерзіміне бақылау жасау үшін аталған есептерді пайдаланады, сондай-ақ қызмет көрсететін аумақта тұрақты тұратын және бір жылдан астам мерзімге келген шетелдіктерге тізім бойынша есеп жүргізеді.

Ай сайын ІІБ-на мынадай мәліметтер тапсырылып тұрады:

- қалалық, аудандық ішкі істер органдары тіркелген шетелдіктердің саны

т у р а л ы ;

- аудан (қала) аумағында нақты тұратын уақытша болған шетел азаматтарының с а н ы т у р а л ы ;

- тұрақты тұратын шетел азаматтарының саны туралы.

Алфавиттік-анықтама карточкасын ұйымдастыру. Есеп карточкалары мен хабарлама қағаздарын жіберу тәртібі.

110. Алфавиттік-анықтама карточкаларында есеп карточкалары қатаң алфавит бойынша орналастырылады, фамилиялары бірдей адамдардың карточкалары атының алфавиті бойынша, фамилиялары мен аттары да бірдей болса - қосымша әкесінің атының алфавиті бойынша, фамилиялары, аттары мен әкесінің аттары да бірдей болса - туған күні бойынша (жасы үлкенінен кішісіне қарай) орналастырылады, ал егер туған күндері де сәйкес келсе, онда алфавит қосымша азаматтығы туған жері, туған елі бойынша құрылады.

Бірнеше фамилиясы, бар адамдарға, соның ішінде фамилиясын өзгерткен адамдарға есеп карточкасы әрбір фамилиясына толтырылады. Әрбір карточкада барлық графалары толтырылуы тиіс және барлық фамилиялары, ал фамилияларын өзгерткендерге - алдындағы және соңғы фамилиялары көрсетілуі к е р е к .

Мысалы фамилиясы Шульц деген адамға, ол әрі Шмидт, әрі Гейман, үш карточка толтырылуы тиіс:

бірінші - Шульц, ол әрі Шмидт, әрі Гейман;
екінші - Шмидт, ол әрі Шульц, әрі Гейман;
үшінші - Гейман, ол әрі Шульц, әрі Шмидт.

Шетелдіктің фамилиясы, аты, әкесінің аты есеп карточкасына ұлттық паспортында, шақыру туралы куәлікте (жеделхатта) немесе ішкі істер органдарының тіркеу штамында көрсетілгендей етіп жазылады. Есеп карточкаларындағы жазу машинкамен немесе жинақы және айқын түрде сиямен жазылады: фамилиясы, аты, әкесінің аты тек баспа әрпімен ғана толтырылады. Қарындашпен жазу жазуға және көшіру қағазын қолдануға тыйым салынады.

Шетелдіктердің есеп карточкаларына фотосуреттері жапсырылады.

111. Облыстық ІІБ-да, Алматы қалалық ІІББ-да ішкі істер министрлігінде есепке алынатын адамдарға есеп карточкасын (N 16 қосымша) екі данада толтырады, оның біреуі ресімделген сәттен бастап 72 сағат ішінде ІІМ-не жіберіледі, екіншісі - ІІБ-ның, ІІББ-ның карточкасына қосылады.

Қазақстан Республикасының ІІМ-не:

- Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің, азаматтығы

жоқ адамдар мен саяси эмигранттардың;

- Қазақстан Республикасына уақытша келген, артынан заңды түрде республикада тұрақты тұруға қалған шетел азаматтарының;

- Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген шетел азаматтарының;
- шетел азаматтарының балалары мен шетел азаматтары деп танылған аралас некеден туған балалардың (16 жасқа толған) есепке алу материалдары келіп түсуі
т и і с .

Қосымша мәліметтен келіп түскен немесе есепте көрсетілуі тиіс деректердің өзгергені жағдайында ІІБ алфавиттік және арнаулы карточкаларының карточкаларына тиісті жазулар жазылады. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының ІІМ-де есепке алынатын адамдарға шетелдіктердің есебіндегі (N 11 қосымша) өзгерістер туралы хабарлама жіберіледі. Хабарлама жіберу шетелдіктердің есеп карточкаларын жіберу сияқты тәртіпте жүзеге асырылады.

Хабарлама мына жағдайларда жіберіледі:

- Қазақстан Республикасы шекарасында тұрақты тұратын орны өзгерген жағдайда ІІМ-не (хабарламаны шетелдіктер мен азаматтығы жоқ келген а у м а қ т а ғы І І Б жі б е р е д і);

- шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды қылмыстық жауапқа тартқан және соттаған жағдайда;

- шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға іздеу салған жағдайда, іздеу салу нәтижелері туралы хабарлағанда;

- шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың қайтыс болуына б а й л а н ы с т ы ;

- шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау, Қазақстан Республикасының азаматы деп тану туралы, Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтінішті қайыру туралы өтініш жасаған жағдайда;

- шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның фамилиясы, аты, әкесінің аты және туған жылы өзгерген жағдайда;

- шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда.

Әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан аластатылған шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің паспорт және виза жұмысы басқармасына бір данада, жиналуына қарай, бірақ әр айдың бесінші күнінен кешіктірілмей, карточкалары (N 46 қосымша) жіберіліп тұрады.

Шетелдіктерді есептен шығару негіздері

112. Шетелдіктерді ішкі істер органдарының есебінен шығару олардың ішкі істер органы аумағынан кетуін қуаттайтын құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

Мұндай құжаттарға мыналар жатады:

а) милицияның учаскелік инспекторының осындай кетуіне арналған құжаттарын ресімдеген адамның тұрақты тұру үшін шетелге кеткені туралы р а п о р т ы ;

ә) ұйымдардың демалыстан соң, каникулдан кейін шетелден қайтпай қалған шетелдіктер туралы х а б а р ы ;

б) Қазақстан Республикасы Президентінің шетелдіктерді Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы жарлығы, ішкі істер органдарының шетелдіктерді Қазақстан Республикасының азаматтары деп тану туралы қ о р ы т ы н д ы с ы ;

г) АХАЖ (ЗАГС) органдарының шетелдіктердің қайтыс болғаны туралы к у ә л і г і .

Есептен шыққан Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің есеп карточкаларында есептен шығу себебі жазылу керек, ал жазу жазуға негіз болған құжаттар жеке істеріне тігіледі.

113. Бас бостандығынан айыруға сотталған әрбір шетелдікке сотталған адам есепте тұрған ІБ, ІББ үкім заңды күшіне енгеннен кейін бас бостандығынан айыру орнының әкімшілігіне арнаулы хабарлама жіберуге міндетті (N 57 қосымша), Шетелдік басқа ІБ қызмет көрсететін аумақта сотталған жағдайда, бұл органдар оның сотталғаны және үкімнің заңды күшіне енгені туралы сотталған адам есепте тұрған ІБ хабарлауға міндетті.

Шетелдік қамаудан босатылған жағдайда бас бостандығынан айыру орнының әкімшілігі аталған хабарламаны босатылған адам баратын аумақтағы ІБ салып жіберуге міндетті, онда босаған күні мен берілген анықтаманың нөмірін к ө р с е т е д і .

Бас бостандығынан айыру орындарында екінші рет сотталған адамдар туралы ЕТМ әкімшілігі хабарлама жіберген ІБ хабарлауға міндетті, әрі хабарламада аталған адам қашан, қандай баппен және қанша мерзімге қайта сотталғаны к ө р с е т і л е д і .

Бас бостандығынан айыру орындарында қайтыс болған шетелдіктерге сотталған адам есепте тұрған ІБ қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесімен бірге хабарлама жіберіледі. Шетелге кетіп қалғандар жөніндегі хабарлама да осындай т ә р т і п т е жіберіледі.

Бас бостандығынан айыру орындарында жатқан адамдардың азаматтығын сотталған адам жатқан жердегі ІБ-ның ПжВЖБ (паспорт бөлімі) белгіленген т ә р т і п т е т е к с е р е д і .

Өзінің шетел азаматтығында тұрғаны туралы мәлімдеген жазасын өтеп

жатқан адамдар туралы, сотталғандардың жеке істерінде олардың шетел азаматтығын қуаттайтын құжаттар болмаған жағдайда, бас бостандығынан айыру орындарының әкімшілігі олардың азаматтығын тексеру үшін сотталғандар тұрақты тұрған жердегі ІБ хабарлауға міндетті. Мұндай тексеру олар босап шыққанға дейін жүргізілуі керек.

Жеке және топтық істерді жүргізу тәртібі. Архив істерін сақтау мерзімі. Бланкілермен қамтамасыз ету.

114. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын әрбір шетелдікке, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамға өздері есепте тұрған ІБ паспорт және виза жұмысы бөлімшелерінде жеке іс жүргізіледі, оған аталған адамға қатысты барлық материалдар тігіледі.

Іске тігілген құпия құжаттар, сондай-ақ жеке құжаттар салынған пакеттер міндетті түрде істегі құжаттар тізіміне енгізіледі. Бұл жағдайда істің мұқабасына "Құпия" белгісі соғылады және жеке істерді есепке алу кітабына осы туралы тиісті жазу жазылады.

Шетелдіктерге арналған жеке және топтық істер жеке істерді есепке алу кітабында тіркелуі керек (N 58 қосымша).

Кітаптағы рет нөмірі сонымен бірге істің де рет нөмірі болып табылады, ол істің мұқабасына және есепке алу карточкасына қойылады.

Шетелдіктердің жеке істер олардың сақталуын қамтамасыз ететін жайларда сақталады.

Істерді басқа органдарға салып жіберу кезінде жеке істерді есепке алу кітабына және есеп карточкаларына осы туралы тиісті белгі соғылады.

115. Қазақстан Республикасын уақытша тұруға келген шетелдіктерге жеке іс жүргізілмейді.

Осындай адамдарға қатысты барлық хат алысулар азаматтардың жекелеген категорияларына жүргізілген топтық істерге тігіледі.

Топтық істер мына нысандар бойынша жүргізілуі мүмкін:

а) Қазақстан Республикасында шетелдіктерді қабылдайтын министрліктер, ведомстволар бойынша;

ә) осындай шетелдіктер келетін елдер бойынша;

б) Қазақстан Республикасына келу мақсаттары бойынша;

в) шетелдіктер келген әкімшілік аудандары бойынша.

Топтық істер жеке істер сияқты тәртіпте есепке алынады және сақталады.

116. Қалалық, аудандық ішкі істер органдарында (милиция бөлімшелерінде) шетелдіктерге жеке іс жүргізілмейді. Осы адамдарға қатысты барлық материалдар мен құжаттар жеке істеріне тігу үшін ІБ-на жіберіледі.

ІІБ-ын шетелдіктерге қатысты хат алысу үшін қалалық, аудандық ішкі істер органдарында (милиция бөлімшесінде) арнаулы іс жүргізіліп, оған номенклатура б о й ы н ш а н ө м і р б е р і л е д і .

117. Шетелдіктердің архивтегі жеке істері:

- а) шетелге тұрақты тұруға кеткендер мен қайтыс болғандардікі 10 жыл;
- ә) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айрылған немесе одан шыққан а д а м д а р д і к і - т ұ р а қ т ы ;
- б) Қазақстан Республикасынан аластатылғандардікі - 10 жыл;
- в) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданғандардікі тұрақты;
- г) азаматтығы ішкі істер органдары тексерген адамдардікі - тұрақты с а қ т а л а д ы .

Бұл адамдардың есеп карточкалары жеке істерді сақтау мерзімінен екі есе ұзақ сақталады (N 16 қосымша).

Топтық істер олар жүргізілген адамдар Қазақстан Республикасынан кеткеннен кейін бір жыл бойы сақталады.

Қазақстандық азаматтармен некеде отырған шетелдіктердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында қайтыс болған барлық шетелдіктердің есеп карточкалары тұрақты сақталады.

118. Шетелдіктердің жеке істерін жою арнайы бөлінген комиссия толтырған және ІІБ, ІІББ бастықтары немесе олардың орынбасарлары бекіткен актілер б о й ы н ш а жү р г і з і л е д і .

Бұл комиссияның құрамына міндетті түрде ҰҚК өкілі енгізіледі.

Жеке істерді жою туралы актілер тұрақты сақталады. Есеп карточкалары мен жеке істі есепке алу кітаптарында істің қашан жойылғаны және жою туралы актінің қайда сақталғаны көрсетілуі керек.

119. Шетелдік құжаттары бар, білімі, қызметі, армия қатарында қызмет атқарғаны, қайтыс болғаны туралы құжаттары, өздеріне қатысты іс жүргізілген адамдардың құнды заттарын салып жібергенін немесе тапсырғанын қуаттайтын актілері мен құжаттары бар істер тек айрықша жағдайларда оларды ҰҚК тиісті басқармасында қарағаннан кейін жеке акті бойынша ғана жойылады.

120. Тарихи құндылығы бар істер олар жүргізілген адамдардың тұрған жері туралы анықтамамен бірге тиісті мемлекеттік архивтерге сақтауға тапсырылады.

121. Осы Нұсқаумен көзделген өтініштердің, анкеталардың, есеп карточкалары мен басқа құжаттардың бланкілерін, тұруға арналған ықтияр хаттың бланкісінен басқа, облыстық ішкі істер басқармалары дайындайды. Өтініштердің, анкеталар мен есеп карточкаларының жаңа бланкілерін енгізгенге дейін ескі үлгідегі осындай бланкілердің барлық қорын толығымен пайдалану қ а ж е т .

XII. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА УАҚЫТША БОЛҒАН ТМД
Е Л Д Е Р І
АЗАМАТТАРЫНЫҢ ПАСПОРТТАРЫН ТІРКЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ
Е С Е П К Е А Л У

122. Қазақстан Республикасында уақытша болған ТМД елдері азаматтарының паспорттарын тіркеуді азаматтардың ауызекі өтініші бойынша ішкі істер органы жүзеге асырады. Мейманханалар туристік топтарды туристік ұйымның негізі негізінде тіркейді. ТМД азаматтарының паспорттарын тұратын мекеніндегі қалалық аудандық ішкі істер органы (милиция бөлімшесі) келгеннен кейін үш тәулік ішінде, (демалыс және мереке күндерінен басқа) тіркейді.

123. ТМД елдері азаматтарының паспорттарын тіркеу Қазақстан Республикасындағы паспорт жүйесі туралы Ережеге сәйкес жүргізіледі. Тіркеу жеке бет қосымша қағазға тиісті штамп соғу арқылы жүзеге асырылады (N 9 қосымша). Штамптағы жазулар анық жазылады. Тіркеу оны ресімдеген қызметкердің қол қоюымен анықталады. Тіркеу туралы жазу белгіленген нысандағы журналға жазылады, ол нөмірленеді, тігіледі және мөр соғылып, қалалық, аудандық орган бастығының қолы қойылады.

XIII. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДА БОЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУЫН БАҚЫЛАУЫ

Бақылаудың негізгі бағыттары:

124. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу Ережелерін сақтауын, осы ережелерде көзделген талаптарды министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, мекемелердің оқу орындары мен басқа ұйымдардың, олардың лауазымды адамдары мен азаматтарының орындауын бақылауды ұлттық қауіпсіздік органдарымен, сондай-ақ шетелдіктерді қабылдаушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындармен, мекемелермен және жеке адамдармен өзара іс-қимыл жасай отырып ішкі істер органдары жүзеге асырады. Осы жұмысты ұйымдастыру қалалық, аудандық органдарда осы органдардың бастықтарына, ПБ-да, ПББ-да тиісінше басқарма бастығы орынбасарларының біріне жүктеледі.

125. ІІМ, ІІБ, ІІББ және қалалық, аудандық ішкі істер органдары кәсіпорындар, ұйымдар, оқу орындары әкімшілігінің шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу шарттарын қамтамасыз етуін бақылайды және өз жұмысын мынадай негізгі бағыттар бойынша ұйымдастырады:

а) әкімшілікке шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу Ережелерінің талаптарын және оларды бұзғаны үшін жауапкершілік туралы т ү с і н д і р у ;

ә) кәсіпорындардың, ұйымдардың, оқу орындарындағы шетелдіктердің жұмыс жөніндегі деканаттардың қызметкерлеріне, студент қалашықтары мен жатақханалардың коменданттарына шетелдіктерді есепке алу, олардың Қазақстан Республикасында болу мерзіміне бақылау жасау, өткізу жүйесін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасында болудың басқа шарттарын сақтау мәселесінде методикалық және практикалық қызмет көрсету;

б) кәсіпорындардың, ұйымдар мен оқу орындарының келген шетелдіктердің жұмыс орындары мен тұратын жерлеріне тиісті қоғамдық тәртіп сақтауды ұйымдастыру мақсатымен шетелдіктер Қазақстан Республикасына келгенге дейін оларды қабылдау үшін жағдай жасауды қамтамасыз етуін тексеру;

в) әрқилы құқық бұзушылыққа жол берген шетелдіктер туралы өзара ақпарат алмасуды, соның ішінде ұлттық қауіпсіздік органдарымен, қамтамасыз ету;

г) шетелдіктерді қабылдайтын және оларға қызмет көрсететін кәсіпорындарды, ұйымдар мен оқу орындарын жатақханаларда, мейманханаларда, мотелдер мен кэмпингтерде дер кезінде есепке алу, тіркеу, өткізу жүйесін ұйымдастыру мәселелері бойынша, сондай-ақ әкімшіліктің, коменданттардың, паспортшылардың және т.б. жұмысын тексеру.

Тексеру белгіленген тәртіпте жоспар бойынша тоқсанына кем дегенде бір рет жүзеге асырылады.

Нәтижесі ішкі істер органының бастығына баяндалады, ол туралы бұзушылықтарға мүмкіндік туғызған себептер мен шарттарды жою үшін тиісті мекемелер мен ұйымдардың басшылары хабардар етіледі.

126. ИБ, КИБ және қалалық, аудандық ішкі істер органдары өздері қызмет көрсететін аумақта жүрген шетелдіктердің өздерінің құқықтық ережелері туралы Қазақстан Республикасы заңынан келіп шығатын міндеттерін орындауына, аталған мекенде болуға рұқсаты мен ішкі істер органдарында, мейманханаларда немесе Қазақстан Республикасының СІМ мен оның мекемелерінде белгіленген тәртіпте тіркелген паспорттардың, ал Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерде - күші бар тұруға арналған ықтияр хатының болуына бақылау жасауды ұйымдастыруға міндетті. Сондай-ақ шетелдіктердің жүріп-тұру тәртібін сақтауға, олардың шетелге дер кезінде кетуіне немесе Қазақстан Республикасында болу мерзімін ұзартуына бақылау жасау ұйымдастырылады. Жалпы алғанда бұл жұмыс шетелдіктер болған жерлерде қоғамдық тәртіп сақтауды қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі болып табылады.

127. Бақылау жасауды ұйымдастыру үшін ішкі істер органдарында шетелдіктердің саны мен болу орны туралы мәліметтер болуға міндетті. Қалалық, аудандық ішкі істер органдарына бұл мәліметтерден мыналардан келіп түсуі тиіс:

а) Ішкі істер басқармасынан;

- Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат етілген шетелдіктер
т у р а л ы ;

- жеке істері бойынша Қазақстан Республикасына келген шетелдіктер туралы;

- үкіметаралық келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасына жұмысқа
келген шетелдіктер туралы;

ә) оқу орындарынан, ұйымдардан, кәсіпорындардан, соның ішінде совхоздар
м е н к о л х о з д а р д а н :

- Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, жұмысқа қабылданған, оқуға
түскен шетелдіктер туралы, олардың ауысуы, жұмыстан босатылуы туралы
немесе оқу орнынан шығару туралы (3 күндік мерзімде);

- Қазақстан Республикасына оқуға, өндірістік практикадан өтуге, біліктілігін
арттыруға, тәжірибе жинақтауға, емделуге және демалуға келген шетелдіктер
т у р а л ы ;

б) мейманханалардан, кэмпингтерден, мотелдерден, санаторийлерден,
д е м а л ы с ү й л е р і н е н :

- Қазақстан Республикасына турист ретінде келген, шетелдіктердің саны
туралы. Бұл мәліметтердің қалалық, аудандық орган әкімшіліктен қажет
болғанына қарай жұмыс жолымен, бірақ тоқсанына кем дегенде бір рет алып
т ұ р а д ы .

128. АХАЖ (ЗАГС) органдарын ІІБ-на мынадай ақпарат жібереді:

а) 10 күн ішінде - шетелдіктердің азаматтық қал актілерін тіркеу туралы
хабарлама. Шетелдіктер мен Қазақстан Республикасы азаматтары арасындағы
некені бұзу туралы хабарлама түскен жағдайда, егер бұл неке шетелдікті
Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдыру туралы шешім шығару үшін
негіз болса, ІІБ аталған шетелдіктердің Қазақстан Республикасында одан әрі
тұру-тұрмау мүмкіндігі туралы мәселе қарайды.

129. Шетелдіктер болған және жұмыс істейтін жерлерде қоғамдық тәртіпті,
олардың "Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық
ережесі туралы" Қазақстан Республикасының заңы мен Қазақстан
Республикасында болу Ережелерін сақталуын қамтамасыз ету, шетелдіктер
тарапынан және оларға қатысты құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында
қалалық, аудандық ішкі істер органы.

а) шетелдіктерге есеп жүргізуді ұйымдастырады және ішкі істер
органдарының барлық мүдделі бөлімшелерін, қажет болған жағдайда ұлттық
қауіпсіздік органдарын шетелдіктердің келуі және олардың болу орындары
туралы қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді;

ә) барлық бөлімшелер мен қызметтердің осы жұмысқа қатысуы мен өзара
іс-қимыл жасауын қамтамасыз ете отырып бақылау жасау жөніндегі шараларды

ж о с п а р л а й д ы ;

б) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің нақты тұрып жатқанын тоқсанына кем дегенде бір рет тексеріп отырады, тексеру нәтижесін рапортпен ішкі істер органы бастығына баяндайды;

в) шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу ережелерін бұзуға жол берген шетелдіктерге, лауазымды адамдарға және басқа азаматтарға қатысты әкімшілік практика қолдануды жүзеге асырады, ішкі істер органдарының есебінен жасырынған шетелдіктерге іздеу салады.

130. Шетелдіктердің, оларды қабылдаушы кәсіпорындардың, ұйымдар мен оқу орындарының Қазақстан Республикасында болу Ережелерін сақтауына бақылау жасауды қалалық, аудандық ішкі істер органдарының шетелдіктермен жұмыс істеуге қатысы бар бөлімшелері жүзеге асырады. Осы бөлімшелердің жеке құрамы үшін қызмет даярлығы жүйесінде "Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық ережелері туралы" Қазақстан Республикасы заңдарын, шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу Ережелерін, Қазақстан Республикасы ІІМ осы жұмысты реттейтін нормативтік актілерін оқып білу жөніндегі және ішкі істер органдарының қызметкерлерін шетелдіктер арасынан бұзушылық жасаушылар табылған жағдайда кезек күттірмес іс-әрекеттер жасау формалары мен әдістеріне үйрету жөніндегі сабақтар ұйымдастырылады.

131. Өздеріне жүктелген міндеттерді орындай отырып, ішкі істер органдарының әрбір қызметкері шетелдіктермен араласу кезінде қырағылық танытуға, әдепті, салмақты, сыпайы және көреген болуға, қызмет борышын орындау үшін жоғары жауапкершілік туралы есеп шығармауға міндетті.

Қалалық, аудандық ішкі істер органдары бөлімшелерінің бақылау жасауды жүзеге асыру жөніндегі негізгі міндеттері

132. Оперативтік қызметтер мен тергеу бөлімшелерінің қызметкерлері:

а) жедел-ізвестіру мен тергеу шараларын өткізу, анықтау және басқа қызмет міндеттерін орындау кезінде шетелдіктермен кездесе отырып, өздерінің ресми іс-әрекеттерін шетелдіктер Қазақстан Республикасында, жүрген елді мекенінде, ауданда болуға немесе белгіленген маршрут бойынша жүруге рұқсаты бар ма екенін анықтау үшін оның паспортын және келу құжаттарын тексеруден бастайды. Атап айтқанда, мыналар тексеріледі:

- паспортының болуы және оның күшінде болу мерзімі;
- визасының, шақыру туралы куәлігінің (жеделхаттың) немесе Қазақстан Республикасында тұруға арналған ықтияр хаттың күшінде болу мерзімі;
- паспортында, визасында, шақыру туралы куәлігінде (жеделхатта) тіркеу

туралы штамптың және ішкі істер органдарының аталған елді мекенінде немесе жүру маршрутында болуға рұқсат ету жазуларының болуы. Егер шетелдікпен бірге қабылдаушы қазақстандық ұйымның, кәсіпорынның өкілдері немесе оны шетелден жеке істері бойынша шақырған азамат еріп жүрсе, мұндай тексеру аталған адамдардың көмегімен және қатысуымен жүргізіледі.

Шетелдіктердің жеке басын куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда белгіленген тәртіпте оның жеке басын тексеру жүргізіледі:

ә) Шетелдік қылмыс жасаған, немесе оған қарсы жасалса, қоғамдық тәртіп бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шаралар қолданылады. Егер қылмысты артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын адам жасаса, немесе оған қарсы жасалса, шетелдіктің жеке басын куәландыратын құжатынан бағыт сілтейтін деректері жазып алынады (хаттама толтырылады), бұл ретте аталған адам ұсталмайды;

б) шетелдіктердің жоғалуы туралы арыз және хабар алған жағдайда оларды дер кезінде қарауға және тергеуге шұғыл шаралар қолданады. Айрықша бақылау ретінде жоғалған шетелдіктерді іздестіру жөніндегі материалдарды ішкі істер органдарының басшылығына баяндап, артынан Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігін хабардар етеді;

в) қоғамдық тәртіп сақтауды, шетелдіктердің жеке және мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шетелдіктерді қабылдаушы және оларға қызмет көрсетуші кәсіпорындар мен ұйымдардың (мейманханалардың, кэмпингтер, мотелдер, жатақханалар және т.б.) "Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық ережесі туралы" Қазақстан Республикасының заңы мен шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу Ережелерінің талаптарын орындауы жөніндегі тоқсан сайынғы және ағымдағы тексерулерге қатысады, бұл ретте шетелдіктерге қарсы және олардың тарапынан құқық бұзушылықтан сақтандыруға ерекше назар аударады;

г) қалалық, аудандық ішкі істер органдарының немесе ІІБ-ның паспорт және виза жұмысы аппараттарына бұзушыларды есепке алу үшін шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу Ережелерін бұзушылықтар мен оларға қарсы қолданылған ықпал ету шаралары туралы хабарлайды;

ғ) шетел азаматтарын ұстаған немесе қамауға алған жағдайда оперативтік қызметтер мен тергеу бөлімшелерінің қызметкерлері өзара ақпарат алмасу туралы Нұсқаудың талаптарын басшылыққа алуы тиіс (N қосымша).

133. Паспорт және виза қызметінің қызметкерлері:

а) аудан, қала аумағында тұратын шетелдіктерге алфавиттік журналдар мен арнаулы карточкалар бойынша, сондай-ақ шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу Ережелерін бұзған адамдарға есеп жүргізеді;

ә) кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың лауазымды адамдарына,

теміржол, теңіз, өзен, авиация және автокөлік кассаларының қызметкерлеріне автошаруашылықтардың жүргізушілер құрамына, мейманханалардың, кэмпингтердің, санаторийлердің, демалыс үйлерінің, туристік базалардың әкімшілігіне, сондай-ақ шетелден Қазақстан Республикасына қонақтар шақырған қазақстандық азаматтарға "Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық ережелері туралы" Қазақстан Республикасының заңы мен шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу Ережелерін түсіндіреді;

б) шетелдіктерді қабылдайтын және оларға қызмет көрсететін мекемелердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың лауазымды адамдардың "Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық ережелері туралы" Қазақстан Республикасы заңының, шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу Ережелерінің және осы Нұсқаудың өздеріне қатысты талаптарын орындауына тоқсан сайын тексеру жасауды жүзеге асырады;

в) қабылдаушы ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен шетелдіктердің тұруы, есепке алу және болуына бақылау жасау мәселесі бойынша жатақханаларда, студент қалашықтарында, мейманханаларда, кэмпингтерде, санаторийлерде, демалыс үйлерінде, туристік базаларда тексеру жүргізуді ұйымдастырады және ө т к і з е д і ;

г) милицияның учаскелік инспекторларымен бірлесіп тұрақты тұратын шетелдіктерге, ішкі істер органдарының рұқсатынсыз келген, тіркеусіз тұрып жатқан шетелдіктерге тексеру жүргізеді;

ғ) Қазақстан Республикасына келген шетелдіктердің паспорттарын тіркеуді р е с і м д е й д і ;

д) 48 сағаттан аспайтын мерзімде милицияның учаскелік инспекторларын шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу Ережелерін сақтауына және Қазақстан Республикасынан дер кезінде кетуіне кейіннен бақылау жасауды ұйымдастыру Қазақстан Республикасына келуге шақыру алған адамдардың тізімімен т а н ы с т ы р а д ы ;

е) әкімшілік практиканы жүзеге асыруға және ішкі істер органдарының есебінен жасырынған шетелдіктерді іздестіруге қатысады;

ж) шетелдіктердің болуына бақылау жасауды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстың нәтижесін қорытындылайды, әкімшілік органдарға, ІІМ, ІІБ, сондай-ақ қабылдаушы ұйымдарға хабарлау үшін материалдар даярлайды.

134. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің тұруға арналған ықтияр хаттарының күшінде болу мерзімі аяқталуға бір ай қалғанда паспорт және виза қызметінің қызметкерлері милицияның учаскелік инспекторлары арқылы шетелдіктерге олардың күшінің мерзімін ұзарту немесе ауыстыру қажеттігі туралы ескертуге міндетті.

Тұруға арналған ықтияр хаттың мерзімі аяқталуға кем дегенде бес күн

қалғанда паспорт және виза қызметінің қызметкерлері тұруға арналған ықтияр хатты ұзарту немесе ауыстыру үшін тапсырылғанын тексеруге міндетті, егер, олар тапсырылған болып шықса себебін тексеру және қалған мерзімде шетелдіктер оларды қалалық, аудандық ішкі істер органдарына тапсыруға шара қолдану үшін милицияның учаскелік инспекторына хабарлауы тиіс.

Егер тексеру кезінде шетелдіктің рұқсат етілген жерінде тұрмайтыны анықталатын болса, онда оны іздестіруге шаралар қолдану қажет.

Егер шетелдік ауыр сырқаттануына немесе емдеу мекемесінде жатуына байланысты ішкі істер органына бара алмайтыны анықталатын болса, онда милицияның учаскелік инспекторы бұл туралы ішкі істер органының бастығына б а я н д а у ғ а м і н д е т т і .

Қалалық, аудандық ішкі істер органдарының бастықтары сырқаттануына байланысты тұруға арналған ықтияр хатын ұзарту немесе белгіленген мерзімде ауыстыру үшін тапсыра алмайтын адамдар туралы ІІБ хабарлауға міндетті. Тұруға арналған ықтияр хаты мен басқа материалдар осы адамдар сауыққан б о й д а ж і б е р і л е д і .

135. Уақытша тұруға келген шетелдіктерді тіркеген жағдайда паспорт және виза қызметінің қызметкерлері милицияның учаскелік инспекторларына оларға аталған мекенде тұруға рұқсат етілген мерзім туралы хабарлап қоюы тиіс.

Тіркеу күшінің мерзімі аяқталғаннан кейін үш күн өткен соң паспорт және виза қызметінің қызметкерлері осы адамның кеткенін тексеруге міндетті, егер олардың кетпегені анықталатын болса, олардың белгіленген мерзімде кетпеу себебін тұратын жері бойынша тексеру, бұзушыны шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу Ережелерін бұзу себептерін анықтау үшін қалалық, аудандық ішкі істер органына шақыру (бұл талап сырқаттарға қолданылмайды) және тиісті шара қолдану үшін бұл туралы милицияның учаскелік инспекторына х а б а р л а й д ы .

Қажетті шаралар қолданған соң және кету құжаттарын ресімдегеннен кейін олар паспортымен бірге иесіне тапсырылады, оларға Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан белгіленген мерзімде өту қажеттігі туралы ескертіледі. Милицияның учаскелік инспекторына бұзушы шетелдіктің елді мекеннен кетуін бақылау тапсырылады.

136. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу Ережелерін шетел азаматтарының орындауына бақылау жасауды паспорт және виза қызметінің қызметкерлері, милицияның учаскелік инспекторлары үй басқармалары, ішкі істер органдарында азаматтарды тіркеуді ресімдеуші паспортшылар арқылы жүзеге асырады. Шетелдіктердің пәтеріне тек басқа бір ішкі істер органы қызметкерінің, үй басқармасы, жергілікті әкімшілік өкілдерінің, дружинниктің немесе басқа жұртшылық өкілінің қатысуымен ғана баруға рұқсат етіледі.

137. Ішкі істер органдарының басқа қызметтерінің қызметкерлері осы Нұсқаудың талаптарын орындауға өз құзыры шеңберінде бақылау жасайды.

138. Милицияның учаскелік инспекторлары:

а) тұрақты тұратын шетелдіктерге қажет болғанына қарай, бірақ тоқсанына кем дегенде бір рет тізім бойынша есеп жүргізеді. Олардың нақты тұруын тексереді. Тексеру нәтижесі туралы қалалық, аудандық органның басшылығына рапортпен баяндайды, онда тексеру күні, оның кіммен өткізілгені, тексерілген шетелдіктің фамилиясы, аты, әкесінің аты, тұратын мекен-жайы, оның тұруға арналған ықтияр хатының нөмірі мен күшінде болу мерзімі көрсетіледі. Тұратын шетелдіктердің саны едәуір болған жағдайда тексеру нәтижесін бақылау карточкаларында көрсетуге жол беріледі;

ә) тұруға арналған ықтияр хаттың күшінде болу мерзімі аяқталуға бір ай қалғанда тұрып жатқан шетелдіктерге құжаттың күшінің мерзімін ұзарту қажеттігі туралы ескертеді және он күн қалғанда шетелдіктің аталған мәселе бойынша ішкі істер органына өтініш жасағанын тексереді;

б) құқық бұзушылықтан сақтандыру және анықтау мақсатында учаскеде орналасқан тұрақты тұратын шетелдіктер жұмыс істейтін кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың әкімшілігімен және кадр бөлімдерімен іскерлік б а й л а н ы с ж а с а й д ы ;

в) ішкі істер органының жоспары бойынша аталған мекенде болуға рұқсаты мен халықтың көшіп-қонуы жөніндегі Департаментінің лицензиясы жоқ жұмысқа қабылданған шетелдіктерді анықтау үшін мекемелер кәсіпорындардың к а д р б ө л і м д е р і н т е к с е р е д і ;

г) қызмет көрсететін аумақты мейманханалардың, кэмпингтердің, демалыс үйлерінің, санаторийлердің және басқа шетелдіктер болатын жерлердің лауазымды адамдарының шетелдіктерді тіркеу тәртібін сақтауын мерзімді т е к с е р і п т ұ р а д ы ;

ғ) тұрғын үйлер секторында өзінің әкімшілік учаскесінде тіркеусіз тұрып жатқан шетелдіктерді, сондай-ақ жеке істер бойынша шетелдіктерді шақырған және олардың дер кезінде тіркелуін қамтамасыз етпеген, шетелдіктерге тұрғын үй, көлік құралын берген немесе шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болуының белгіленген Ережелерін бұза отырып оларға басқа қызмет көрсеткен азаматтарды анықтау жөніндегі жұмыстар жүргізіледі.

Мұндай адамдарды анықтаған жағдайда әкімшілік хаттамасын толтырады және оларды қалалық, аудандық ішкі істер органдарының басшыларын б а я н д а й д ы :

ә) қажет болғанына қарай паспорт және виза қызметінің қызметкерлері шетел азаматтарымен жұмыс жөніндегі деканаттардың қызметкерлерімен, студент қалашықтары мен жатақханалардың коменданттарымен бірлесіп өткізген

шетелдіктер тұратын студент жатақханаларын тексеруге қатысады;

е) жеке істері бойынша Қазақстан Республикасына келген шетелдіктерді тіркеуге, олардың тұруына және олардың рұқсат етілген болу мерзімі аяқталған бойда Қазақстан Республикасынан дер кезінде кетуіне бақылау жасауды қ а м т а м а с ы з е т у ү ш і н :

- шетелден және республиканың басқа жерлерінен шетел азаматтарын шақыруға рұқсат алған, шетелдіктермен некеге отырған азаматтардың мекен-жайын есепке алады және осы азаматтарға шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу Ережелерін, оларды тіркеу, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұру тәртібін түсіндіреді;

- шетелдіктердің рұқсат етілген тұру мекеніне келген бойда паспорттарын, визаларын, шақыру туралы куәліктерін (жеделхаттарын) ішкі істер органына тіркеуге дер кезінде тапсыруын тексереді;

- тіркеу мерзімі аяқталғанға 10 күн қалғанда өздеріне шетелдіктер келген адамдарға шетелдіктердің Қазақстан Республикасынан кетуі немесе олардың болу мерзімін дер кезінде ұзарту қажеттігін ескертеді;

- шетелдікті тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін үш күн ішінде оның тұрған мекенінен кеткен-кетпегенін тексереді. Шетелдік мерзімінен бұрын кеткен жағдайда бұл туралы дереу паспорт және виза қызметінің қызметкерлеріне х а б а р л а й д ы ;

ж) әкімшілік практиканы жүзеге асырады және ішкі істер органдарының есебінен жасырынған шетелдіктерді іздестіруге қатысады.

139. Мемавтоинспекция қызметкерлері:

- а) шетелдіктер жүргізуші болып істейтін, сондай-ақ шетелдіктердің жеке меншігі болып табылатын (шетелдік автотуристерден басқа), соның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұбайлардың біріне немесе басқа отбасы мүшелеріне жазылған көлік құралдарын есепке алады;

- ә) шетелдіктердің Қазақстан Республикасы аумағында автокөлік құралымен тек халықаралық автомобиль қатынасы үшін ашық жолдармен өздері белгіленген маршруттар бойынша, ал тұрақты тұратын шетелдіктер, дипломаттар және үкіметаралық келісімдер бойынша жұмыс істейтін адамдар - басқа рұқсат етілген маршруттар бойынша жүріп-тұруына бақылау жасайды;

- б) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша автомобильмен жүріп келе жатқан барлық шетелдіктерге өздерімен бірге:

- жеке басын куәландыратын құжаттардың: Қазақстандық визасы бар паспортының, дипломатиялық (консулдық) карточкасының, қызмет карточкасының, жеке басының куәлігінің;

- автомобиль жүргізуге құқық беретін құжаттарының халықаралық немесе

ұлттық жүргізуші куәлігінің немесе Мемавтоинспекция берген куәлігінің;

- техникалық паспортының немесе Мемавтоинспекция берген техникалық паспорттың талонының, немесе автомобильдің шыққан елде тіркелгені туралы х а л ы қ а р а л ы қ к у ә л і к т і н ;

- жүк тасуға құқық беретін рұқсаттың, жүкке көлік накладнойының (халықаралық автомобильмен жүк тасу жүргізушілері үшін ғана) болуын т е к с е р е д і ;

- айтылған маршруттардан ауытқу жағдайлары анықталған жағдайда әкімшілік хаттама толтырады, жауаптыларды әкімшілікке жауапкершілікке тарту үшін оны ішкі істер органының бастығына баяндайды және автокөлік құралдарын айтылған жүру маршрутына қайтаруға шаралар қолданады;

в) белгіленген тәртіпте жол қозғалысы ережелерін бұзушылармен күрес жөніндегі әкімшілік практиканы жүзеге асырады. Артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын адамдарға жүргізуші куәлігін және жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуді ұсынады, ал автокөлікті жүргізуден шеттеткен жағдайда қажетті бағыт сілтейтін деректерін жазып алады (хаттама толтырылады), құжаттарын жүргізушіге қайтарып береді және оқиға туралы дереу ішкі істер органының басшылығына (кезекшіге) баяндайды;

г) мүдделі ұйымдармен бірлесіп шетелдіктерге жол қозғалысы қауіпсіздігі мәселелері бойынша, Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген талаптар, жол қозғалысы ережелері бойынша және автокөлік құралдарының жүргізушілері мен жолаушылардың оларды бұзғаны үшін жауапкершілігі жөнінде түсіндіру ж ұ м ы с ы ж ү р г і з і л е д і ;

ғ) бұзушылықтан сақтандыру мақсатында автошаруашылықтардың әкімшілігі мен жүргізушілер құрамына шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болуы және оның аумағы бойынша жүріп-тұру ережелерін және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті түсіндіру жөніндегі жұмысты жүргізеді.

140. Көліктегі ішкі істер органдарының қызметкерлері:

а) теміржол, әуе және су көлігімен бара жатқан шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу және оның аумағы арқылы жүру ережелерін сақтауына б а қ ы л а у ж а с а й д ы ;

ә) поездар, кемелер тоқтап тұрған кезде шетелдіктердің станциядан (порттан, кемежайдан) тыс жерге өз еркімен кетуіне және әуе жолаушысы - шетелдіктердің әуежайда өздеріне бөлінген жерден тыс кетуіне жол бермейді;

б) шетелдік поездан немесе ұшақтан қалып қойған барлық жағдайлар туралы, сондай-ақ поездарда, кемелерде, станциялар мен әуежайларда шетелдіктердің құқық бұзушылық жасауы немесе оларға қарсы құқық бұзушылық жасауы туралы желілік органның кезекшісіне дереу баяндайды, мұндай ақпарат алған жағдайда кезекші болған оқиға туралы бөлім басшылығына баяндайды және

Ұлттық қауіпсіздік органдарын, мүдделі ведомстволарды хабардар етеді;

в) құқық бұзушылық жасаған немесе жабық мекендер жүрген шетелдікті
к ө р г е н ж а ғ д а й д а :

- оның паспортын, визасын, шақыру туралы куәлігін (жеделхатын) немесе
Қазақстан Республикасында тұруға арналған ықтияр хатын тексереді;

- шетелдіктің Қазақстан Республикасында және аталған мекендер бояуының
заңдылығын анықтайды (паспортында, визасында, шақыру туралы куәлігінде (
жеделхатта) тіркеу штампының, ішкі істер органының қалаған маршруты
бойынша жүруге рұқсат беретін жазуының болуын);

- бұзушылық жасаушысы желілік органға алып келеді;

г) теміржол вокзалдарының, станцияларының, теңіз және өзен порттары мен
әуежайдардың қызметкерлеріне "Қазақстан Республикасындағы шетел
азаматтарының құқықтық ережелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының
және болу ережелерінің талаптарын, сондай-ақ отыру кезінде немесе жүріп бара
жатқанда шетелдіктердің құжаттарын тексеру тәртібін түсіндіреді.

141. Милицияның патруль-күзет нарядтары мыналарға міндетті:

а) күзету аумағындағы шетелдіктердің мекен-жайы мен тұратын жерінің
орналасу ерекшелігін, күзету маршрутын (оқу орындарын, жатақханаларды,
кәсіпорындар мен ұйымдарды, мейманханаларды, кэмпингтерді, туристік
базаларды және т.б.), сондай-ақ олардың ықтияр болу орындарын (
ресторандарды, барларды, концерт залдарын, стадиондарды, пляждарды және т.б
.) білуге, аталған объектілерді қоғамдық тәртіп сақтауды қамтамасыз етуге
а й р ы қ ш а н а з а р а у д а р у ғ а ;

ә) құқық бұзушылыққа жол берген, дағдарысты жағдайға қатысқан немесе
шетел азаматтары бару үшін жабық мекендерде пайда болған шетелдіктерді
а н ы қ т а ғ а н ж а ғ д а й д а :

- шетелдіктердің паспортын, тұруға арналған ықтияр хатын немесе жеке
басын куәландыратын басқа құжатын тексеруге;

- шетелдіктердің Қазақстан Республикасында және аталған елді мекенде
болуының заңдылығын қуаттайтын визасында, шақыру туралы куәлігінде (
жеделхатта), тұруға арналған ықтияр хатында ішкі істер органдарының тіркеу
және рұқсат ету жазуларының болуын және олардың мерзімін тексеруге;

- бұзушылық жасаған адамды қалалық, аудандық ішкі істер органына (
милиция бөлімшесіне) жеткізуге;

б) өздерінің жеке басын және Қазақстан Республикасында болуының
заңдылығын куәландыратын құжаттары жоқ шетелдіктерді анықтаған жағдайда
оларды жеке басын анықтау үшін қалалық, аудандық ішкі істер органына (
милиция бөлімшесіне) жеткізуге;

в) көшеде және басқа қоғамдық орындарды орташа және қатты мас күйінде

жүрген шетелдіктерді байқаған жағдайда оларды медициналық сауықтыру орнына, ол медициналық жәрдем көрсету қажет болған жағдайда - денсаулық сақтау органдарының емдеу мекемелеріне жеткізуге. Артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын адамдар медициналық айықтырғышқа ж а т қ ы з ы л м а й д ы .

142. Ішкі істер органдарының кезекшілері:

а) шетелдіктердің өтініш жасауымен немесе оларға қатысты не шетелдіктер тарапынан құқық бұзушылық жасаумен байланысты барлық жағдайлар туралы дереу ішкі істер органдарының басшыларына баяндайды және қабылдаған шешімдердің орындалуын ұйымдастырады;

ә) милицияның патруль-күзет нарядтарынан және азаматтардан келіп түскен шетелдіктерге қатысты ақпараттар бойынша шұғыл жағдайларда шешімді дербес қабылдайды, содан кейін бұл туралы ішкі істер органдарының басшыларына баяндайды. Шетелдіктермен дағдарысты жағдай туғанда шетелдіктерді қабылдаушы қазақстандық ұйымдардың өкілдерін шақырады;

б) өзімен бірге жеке басын және оның Қазақстан Республикасында, соның ішінде аталған елді мекенде болуының заңдылығын қуаттайтын құжаты жоқ шетелдікті ішкі істер органына жеткізген жағдайда шетелдіктің жеке басын міндетті түрде анықтауға және құжаттарын тексеруге шаралар қолданады. Осы мақсатта қабылдаушы ұйымдардың өкілдерінің немесе шетелден жеке істері бойынша шетел азаматтарын шақырған адамдардың көмегін пайдаланады.

в) шетелдіктердің жеке басын анықтау мүмкін болмаған жағдайда ол қабылдау-бөлу орнына (жеке бөлмеге) жатқызылады;

г) шетелдіктерді ұстаған, қамауға алған және олардың кенеттен қайтыс болған әрбір жағдайы туралы кезекшілер дереу қалалық, аудандық органның бастығына баяндайды және шұғыл түрде бұл туралы телеграф пен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне, ішкі істер министрлігіне және Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жібереді. Сонымен бірге, шетел азаматын ұстау немесе қамауға алу туралы жазбаша түрде ұстаған немесе қамауға алған органның заңдарды орындауына бақылау жасаушы прокурорға хабарланады (Н қ о с ы м ш а) .

143. Ішкі істер органдарының кезекші бөлімдерінде шетелдіктерге қатысты мынадай құжаттар болуы керек:

- шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу Ережелерінен тиісті ү з і н д і ;

- осы Нұсқауды ішкі істер органдары қызметкерлерінің шетелдіктермен жұмыс істеу тәртібі туралы үзінді;

- ішкі істер органы бойынша кезекшіге шетелдіктерді ұстаған немесе олар милицияға өтініш жасаған жағдайдағы оның іс-әрекеттері туралы жарнама;

- шетел тілін білетін қазақстандық азаматтардың тізімі, осы адамдарды тілмаш ретінде ықтимал пайдалану үшін олардың тұратын мекен-жайы мен телефон нөмірі;

- шетелдіктер Қазақстан Республикасына келетін, тұратын және Қазақстанның аумағында жүріп-тұратын құжаттардың, шақыру туралы куәліктің (жеделхаттың), Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық, консулдық және қызметтік карточкаларының, тіркеу штамптарының, аталған мекенде болуға арналған рұқсат ету жазуының үлгілері;

- республиканың халықаралық автомобиль қатынасы үшін жабық автожолдары, аймақтары учаскелерінің тізімі (N қосымша).

XIV. ШЕТЕЛДІКТЕРДІ ІЗДЕСТІРУ

144. Ішкі істер органдарының күшімен іздестіруге Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе республикалық жеке істері бойынша келген шетелдіктер жатады:

а) тұрақты тұратын жерінен ішкі істер органдарының рұқсатынсыз кетіп қалғандар, сондай-ақ рұқсатпен кеткен бірақ жаңа тұратын жерінде тіркелмегендер - шетелдіктің рұқсатсыз кету анықталған, немесе ішкі істер органдары бұл адам рұқсат етілген жеріне тіркелген жоқ деп хабарлаған сәттен бастап бір тәуліктен кешіктірілмей іздестіріледі;

ә) уақытша кеткен және тұрақты тұратын жеріне қайтып оралмағандар - қайтып оралу мерзімі аяқталған соң 5 тәулік өткеннен кейін;

б) тұрақты тұратын жерінен ішкі істер органдарында алған Қазақстан Республикасынан кетуге арналған рұқсатпен кеткен, бірақ мемлекеттік шекара арқылы өткендер - кетуі туралы ақпарат болмаған жағдайда кетуге арналған рұқсат күшінің мерзімі аяқталған бойда 1 ай ішінде;

в) Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша тұрақты және уақытша тұруға келген және ішкі істер органдарында паспорттарын тіркемегендер және Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хат алмағандар - Қазақстан Республикасына келуі туралы ақпарат алған сәттен бастап 5 тәуліктен кешіктірілмей;

г) еңбекпен түзеу мекемелерінен босағаннан кейін белгіленген тұратын жеріне келмегендер - босағаны туралы хабар келіп түскен сәттен бастап 5 тәуліктен кешіктірілмей іздестіріледі;

ғ) басқа жағдайларда ішкі істер органдарының есебінен жасырылғандар, ПББ, ПБ виза қызметі бөлімдерінің, сондай-ақ қалалық, аудандық ішкі істер органдарының паспорт және виза жұмысы аппараттарының қорытындысы бойынша іздеу жарияланғандар.

145. Азаматтардың аталған категорияларын іздестіруді ішкі істер органдарының іздестіру жұмысын ұйымдастыру және оның тактикасы туралы Нұсқауға сәйкес қылмыстық іздестіру аппараттары жүзеге асырады (Қазақстан Республикасы ІІМ _____ N _____ бұйрығы).

Іздестіру ісін жүргізбей-ақ іздеу салынған шетелдіктердің жүрген жерін анықтау жөніндегі бастапқы іздестіру шараларын қалалық, аудандық ішкі істер органдарының паспорт және виза жұмысы аппараттары жүзеге асырады, одан кейінгі сатысында іздестіруге ПББ, ПБ паспорт және виза жұмысы бөлімдері қ а т ы с а д ы .

Шетелдіктердің басқа категорияларын іздестіруді Ұлттық қауіпсіздік органдары _____ жүзеге _____ асырады .

Тергеу, анықтау органдары мен соттан жасырынған айыпты және сотталған, сондай-ақ хабар-ошарсыз кеткен шетелдіктер қазақстандық азаматтардың тиісті категорияларын іздестіру үшін белгіленген тәртіпте іздестіріледі.

146. Іздеу салынған шетелдіктің жүрген жері анықталған жағдайда, паспорт және виза қызметі аппараттарының қызметкерлері:

а) бұзушылық жасаушыдан ішкі істер органдарында есепке тұрудан бұлтару себептері _____ туралы _____ түсінік _____ алады;

ә) осы Нұсқаудың ІХ бөліміне (ықпал ету шараларын қолдану тәртібі бөлімі) с ә й к е с _____ ш а р а л а р _____ қ о л д а н а д ы .

Егер шетелдікке оның жүрген жері бойынша тұруға рұқсат етілген болса, онда оның жеке ісі жаңа тұратын жеріндегі ПББ, ПБ жіберіледі.

147. ПББ, ПБ паспорт және виза жұмысы бөлімі шетелдіктерді іздестіруді т і к е л е й _____ қ а т ы с у д а н _____ б а с қ а :

а) тиісті аппараттардың шетелдіктердің жүрген жерін анықтау жөніндегі

бастапқы іздеу шараларын жүзеге асыруды реттейтін нормативтік актілерді орындауына бақылау жасайды, сондай-ақ қажетті көмек көрсетеді;

ә) ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп шетелдіктердің ішкі істер органдарында есепке тұрудан жалтаруына мүмкіндік туғызатын себептер мен шарттарды зерттейді және оларды жою жөніндегі шараларды дайындайды;

б) іздеу салынған шетел азаматтарына есеп жүргізеді (ІІМ, ПБ ақпарат орталығымен бірлесіп).

Нұсқауға
N 1 қосымша

ПБ

(азаматтығы, фамилиясы, аты, әкесінің аты)
тұратын мекен-жайы _____

телефоны үйінің _____ қызмет _____

Арыз-анкета

Маған _____
(өтініштің мазмұны, кету (келу) мақсаты)

(кеткен жағдайда елі мен қаласын, сапардың ұзақтығын,

шақырылған адамның қандай мерзімге кететіні көрсетіледі)
_____ рұқсат берулеріңізді
сұраймын.

Өзіңізбен бірге кету туралы өтініш жасаған 16 жасқа дейінгі
балалар туралы немесе Қазақстан Республикасына шақырылған адамдар
туралы мәліметтер:

Фамилиясы, аты	Туыскандық	Туған	Шақырылғандардың
	дәрежесі,	жылы мен жері	тұратын
	азаматтығы		мекен-жайы

Жұмыс орны мен қазіргі уақытта атқаратын қызметі:

Жұмысқа кірген айы | Кәсіпорынның, мекеменің | Кәсіпорынның
мен жылы | фирманың атауы және | мекен-жайы

Анкетада көрсетілген мәліметтер еңбек кітапшасымен салыстырылды.

М. О. " ____ " _____ 19__ ж.

(кәсіпорынның лауазымды адамның қолы, Ф, А)

Анкета деректері _____
(паспортты берген

мекеменің атауы)
19__ жылғы _____ " ____ " бастап 19__ жылғы _____ " ____ "
дейінгі мерзімге берген _____.
Тұруға арналған ықтияр хаттың сериясы _____ N _____

(кім бергені көрсетіледі)
19__ ж _____ " ____ " бастап 19__ жылғы _____ " ____ " берген.
Арызды салыстырған және қабылдаған _____
(құжаттарды қабылдаған

қызметкердің лауазымы, атағы, ф. ә. а.)

" ____ " _____ 19__ ж. Қолы _____

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА УАҚЫТША КЕЛУГЕ ШАҚЫРУ
ПРИГЛАШЕНИЕ НА ВРЕМЕННЫЙ ВЪЕЗД В РЕСПУБЛИКУ КАЗАХСТАН
N

INVITATION FOR TEMPORARY VISIT TO THE REPUBLIC OF
KAZAKSTAN

Шақырушы адам /Приглашающий/ Inviting person:

Аты-жөні, тегі /Фамилия, имя,отчество/ Name: _____

Туған жылы /Дата рождения/ Date of birth: _____

Азаматтығы /Гражданство/ Nationality: _____

Мекен-жайы /Адрес/ Address: _____

Шақырылушы адам /Приглашаемый (e)/ Invited person (s):

Тегі, Аты /Фамилия, Имя/ Name: _____

Туған жылы /Дата рождения/ Date of birth: _____

Туыстық жағы /Степень родство/ Degree of relation: _____

Азаматтығы /Гражданство/ Nationaliti: _____

Мекен-жайы /Адрес/ Address: _____

Сапардың мақсаты /Цель поездки/ Purpose of visite: _____

Сапардың мерзімі /Срок поездки/ Period of visite: _____

Шақыру фактісін қуаттаған мәселе: |Лауазымды адамның қолы: |

Орган подтверждающий факт приглашения: |Подпись должностного лица:|

The invitation is endorsed by: |Signature of the official: |

_____|_____|
_____| М.П. | " ____ " _____ 19__ г. |

Шақырған адамның жеке қолы:

Подпись приглашающего:

Signature of the inviting person: _____

(Подлежит возврату в орган оформивший приглашение)

КОНТРОЛЬНЫЙ ТАЛОН К ПРИГЛАШЕНИЮ N

Начальнику _____

сообщается, что _____

(гражданство, фамилия, имя приглашенных)

разрешен въезд из _____ в Республику Казахстан на _____ дней

Цель въезда _____

Проживание по адресу: _____

Необходимо обеспечить контроль за въездом, соблюдением установленных правил пребывания и своевременным выездом из Республики Казахстан.

М.П. Начальник _____
(наименование органа оформившего приглашение)

ШАҚЫРЫЛУ ШАРТТАРЫ: Шақырылушы жақ туған-туысқанының, танысының Қазақстан Республикасында болған мерзімінде: тұруын, тамақтануын, медициналық жәрдем көрсетілуіне байланысты шығынын, келетін адамның виза және тіркеу органдарында 72 сағат ішінде тіркелуін, Қазақстан Республикасынан дер кезінде кету жөніндегі міндеттемелерді өз мойнына алады. Қазақстан Республикасында болуы кезінде шақырылған адамға еңбек етуге, коммерциялық қызметпен айналысуға, Қазақстан Республикасының оқу орындарына түсуге тыйым салынады. Шақыру берілген күннен бастап бір жылға жарамды.

УСЛОВИЯ ПРИГЛАШЕНИЯ: Приглашающая сторона берет на себя обязательства по пребыванию родственника, знакомого в Республике Казахстан: проживание, питание, медицинские расходы, регистрация въезжающего в органах ВИР в течение 72 часов, своевременность выезда из Республики Казахстан. Во время пребывания в Республике Казахстан приглашаемому запрещается заниматься трудовой и коммерческой деятельностью, поступать в учебные заведения Республики Казахстан. Приглашение действительно 1 год со
д н я в ы д а ч и .

TERMS OF INVITATION: The inviting party undertakes all responsibilities for the sojourn of their relatives, friends in the Republic of Kazakhstan: accomodation, meals, medical expenses, redistratation of the visitor (s) at the Department of the Visas and

Registration within 72 hours, and the departure from the Republic of Kazakhstan in due time. During his visite to the Republic of Kazakhstan the visitor is not allowd to indestake any employemend or business activities of enter any educational establishment in the Republic of Kazakhstan. The invitation is valid l year from the date of issue.

ОТМЕТКИ ОРГАНА ВНУТРЕННИХ ДЕЛ

Ознакомлен участковый инспектор _____

" ____ " _____ 19 г.

Сведения о прибытии _____

Сведения об убытии _____

Начальник ГО-РОВД _____

" ____ " _____ 19 ____ г.

Нұсқауға
N 3 қосымша

Қазақстан Республикасында болған шетел азаматтарының
паспорттарын тіркеу штампының үлгісі

N ____ тіркеу 19 ____ жылғы _____ " ____ " дейін.

(тіркеуді ресімдеген орган)

(паспорты бойынша фамилиясы)

19 ____ жылғы _____ " ____ " _____

(қолы)

N ____ тіркеу 19 ____ жылғы _____ " ____ " дейін.

Солтүстік Қазақстан облыстық ІІБ ПЖБЖБ

Нахости Морта зави Шахрам

/фамилиясы паспорты бойынша/

1994 жылғы шілденің 10-ы. Серікбаева

Штамптың көлемі: 25x70 мм.

Нұсқауға
N 4 қосымша

Ішкі істер органдарында шетел азаматтарының паспорттарын
тіркеуді есепке алу журналының нысаны

Рет| Фамилиясы | Туған | паспорт N | Виза N | БӨП және
N | аты | жылы | азаматтығы | оның күшінде | шекарадан
|әкесінің аты| | | болу мерзімі | өткен күні

Тіркелген	Тіркеу қандай	Болу	Тұратын	Ескерту
күні	мерзімге	мақсаты	мекен-жайы	
	ресімделді			

Нұсқауға (26, 28 тарм.)

N 5 қосымша

Қазақстан Республикасының Азаматтары мен шетел азаматтарын мейманханаларда, мотелдерде, туристік кэмпингтерде, санаторияларда, демалыс үйлерінде, пансионаттарда, туристік базаларда, теміржол, өзен вокзалдары, әуежайлар жанындағы демалыс бөлмелерінде, жеке үйлер мен пәтерлерде тіркеу және олардың паспорт-виза режимін сақтау тәртібі туралы нұсқау

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы көкектің 5-індегі N 256 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы паспорт жүйесі туралы Ережеге сәйкес бір айға дейінгі мерзімге келген Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары белгіленген тәртіпте тіркелуге міндетті. Тіркеуді паспорт-виза жүйесі ережелерін сақтау үшін жауапты адамдар мен паспорт-виза жұмысын жүргізу үшін өкілетті адамдар жүргізеді.

2. Келген азаматтар тіркелуге тиісті мейманханаларда, мотелдерде, туристік кэмпингтерде, санаторияларда, демалыс үйлерінде, пансионаттарда, туристік базаларда, теміржол, өзен вокзалдары, әуежайлар жанындағы демалыс бөлмелерінде, жеке үйлер мен пәтерлерде және басқа осындай мекемелерде паспорт-виза жүйесі ережелерін сақтау үшін осы мекемелердің басшылығы мен әкімшілігі және үйлер мен пәтерлердің қожайындары жауап береді.

3. Мейманханаларда, мотелдерде, туристік кэмпингтерде, демалыс бөлмелерінде тоқтаған немесе санаторияларға, демалыс үйлеріне, пансионаттарға, туристік базаларға емделуге және демалуға келген, азаматтар анкета /N 2 қосымша/ толтырады және паспорттарымен немесе жеке бас куәліктерімен, шетелдіктер-ұлттық паспорттарымен, әскери қызметшілер - әскери билеттерімен,

шетелде тұрақты тұратын және Қазақстан Республикасына уақытша тұруға келген азаматтар жалпыұлттық шетелдік паспорттарымен, Қазақстан Республикасы Теңіз флоты министрлігінің, Балық шаруашылығы министрлігінің және басқа ведомстволардың шетелге жүзетін кемелерінің теңізшілер құрамының қызметкерлері Қазақстан Республикасында уақытша болуы кезеңінде теңізші паспортымен бірге тіркеу үшін осы мекемелердің әкімшіліктеріне тапсырады.

4. Мейманханаларда, мотелдерде, туристік кэмпингтерде және демалыс бөлмелерінде тоқтаған азаматтар анкетаны бір данадан толтырады.

5. Санаторийларға, демалыс үйлеріне, пансионаттар мен туристік базаларға жолдама бойынша келген азаматтар анкетаны бір данадан толтырады. Осы мекемелердің әкімшіліктеріне анкетаның орнына келген адамдардың кітап немесе журнал бойынша тіркеуге рұқсат етіледі.

6. Әскери қызметшілер анкетада /кітапта, журналда/ фамилиясын, атын, әкесінің атын, туған күні мен жерін, сондай-ақ жеке бас куәлігінің /әскери билетінің/ сериясы мен нөмірін көрсетеді.

7. Тіркеу үшін жауапты адамдар тапсырылған құжаттарды мұқият тексереді. Бұл ретте мыналарға назар аударады:

а) тапсырылған құжаттардың аталған адамдікі екенін тексеру, бұл үшін паспорттағы немесе жеке бас куәлігінде фотосурет көрсеткен адамның келбетімен салыстырылады;

ә) құжаттардың түпнұсқа ма екені, басқаша айтқанда тиісті органдардың берген-бермегені, қойылған қолы мен мөрі тексеріледі;

б) құжатта қолдан жасау ізі мен белгілерінің (тазалау, түзету, мөрі

мен штампын қолдан жасау, фотосуретін қайта жапсыру және т.б.) бар-жоғы тексеріледі;

в) құжаттың ішкі беттері басқа сериялы немесе басқа нөмірлі құжаттардың беттерімен ауыстырылмағаны тексеріледі;

г) шетел азаматтарынан Қазақстан Республикасының визасы болған жағдайда ұлттық шетелдік паспорттары немесе оларды алмастыратын құжаттары тексеріледі, егер Қазақстан Республикасының тиісті елмен келісімімен басқадай тәртіп белгіленбесе. Визалар мынадай болып бөлінеді:

- дипломатиялық;
- қызметтік;
- жеке;
- туристік;
- оқуға келуіне байланысты;
- емделуге келуіне байланысты;
- тұрақты тұруға арналған.

Шетел азаматтарының ұлттық паспорттары мен визаларын тексеру кезінде паспорттағы фотосуреттің иесінің келбетіне ұқсастығына, тіркеу белгісінің бар-жоғына назар аудару қажет.

Қазақстан Республикасының визаларында келу және кету мерзімін, ондағы жазулардың виза алу кезінде көрсетілген Қазақстанның облыстары мен қалаларының атауын және сапар мақсатын көрсете отырып жүргізілуін, ал олардың нағыз қызметіне сай болуы тиіс, тексеру қажет.

Егер тапсырылған құжаттар түпнұсқалығына қатысты немесе қолдан жасау белгілерінің болуына байланысты күмән тудыратын болса, онда тіркеуді ресімдегеннен кейін бұл туралы дереу тексеріп, шара қолдану үшін аумақтық немесе көліктігі ішкі істер органдарына хабарланады.

8. Азаматтарды тіркеу кезінде анкетадағы жазулардың тапсырылған құжаттардағы көрсетілген мәліметтерге сай келуі тиянақты тексеріледі, содан кейін тіркеу күні қойылады және жауапты адамның қолы қойылады. Паспорттар немесе жеке бас куәліктері (алмастырушы паспорт), әскери қызметкерлердің жеке бас куәліктері, теңізшілердің паспорттары, сондай-ақ іссапар куәліктері (ұйғарымдар) өздерінің заңды иелеріне қайтарылады.

Азаматтардың паспорттарын алуға, Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайлардан баскасында, сондай-ақ паспорттарды кепілге алуға және беруге тыйым салынады.

9. Азаматтар мейманханадан, мотелден, туристік кэмпингтен, санаторийден, демалыс үйінен, пансионаттан, туристік базадан және демалыс бөлмесінен кеткен жағдайда олардың анкеталары негізгі картотекадан алынады және архивтік картотекаға салынады, онда кеткен сәттен бастап бір жыл сақталады, содан соң жойылады.

10. Картотеканы жүргізу тіркеу үшін жауапты адамдарға жүктеледі. Бұл адамдар анкетаны картотекаға сапалы таратып салуға, сондай-ақ анықтаманы дұрыс беру үшін жауап береді.

11. Анкеталардың бланкасы бірыңғай үлгі бойынша дайындалады.

12. Мейманханаларда, мотелдерде, туристік кэмпингтерде, санаторияларда, демалыс үйлерінде, пансионаттарда, туристік базаларда және демалыс бөлмелерінде азаматтарды тіркеу тәртібін сақтау үшін бақылау жасауды ішкі істер органдары жүзеге асырады.

13. Халықаралық туристік қызметпен айналысуға белгіленген тәртіпте лицензия мен шетел паспорттарын тіркеуге ішкі істер органдарының келісімін алған мейманханаларда оларда тұрып жатқан Қазақстан Республикасына турист ретінде келген шетел азаматтарының шетелдік паспорттары тіркеледі. Тіркеу

кабылдаушы ұйымдардың, Қазақстан Республикасындағы тұрақты шетел өкілдіктерінің жазбаша өтініштері немесе шетел азаматтарының жеке өтініштері негізінде өтініште, турда, арызда көрсетілген мерзімге

жүргізіледі.

Шетел паспорттарын немесе оларды алмастырушы құжаттарды тіркеуге есепке алу кітап бойынша (N 3 қосымша) жүргізіледі.

14. Туристік топтарды тіркеу ұжымдық тізімдердің сыртқы жағына штамп қою арқылы ресімделеді.

Шетел азаматтарының шетелдік паспорттарында қандай да болмасын жазу жазуға немесе белгі соғуға рұқсат етілмейді.

Мейманханада тұратыны туралы штамптың үлгісі

_____ қаласы _____ мейманханасы
_____ нен бастап _____ дейін.
(штамптың көлемі 12x70 мм.)

15. Қазақстан Республикасында шетел азаматтарының шетелдік паспорттарын тіркеу туралы жазу осы азаматтардың бастапқы болған жері б о й ы н ш а жү р г і з і л е д і .

16. Мейманханаға орналасқан шетел азаматтарының шетелдік паспорттарын тіркеу ішкі істер органдарында жүргізіледі.

Қазақстан Республикасында тұруға құқық беретін құжаттарды тіркеуді ресімдеу шетел азаматы мейманханаға келген сәттен бастап 48 сағат ішінде жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

17. Мейманханаға орналасқан шетел азаматтарының құжаттарының тіркеу мерзімін ұзарту ішкі істер органдарында жүргізіледі.

18. Мейманханаларда тұрып жатқан азаматтарды есепке алу кітап бойынша (N 3 қ о с ы м ш а) жү р г і з і л е д і .

19. ТМД-да тұрақты тұратын шетел азаматтары мейманханаларға қосымша талоны болған жағдайда тұруға арналған ықтияр хаты бойынша орналасқан және есепке алынады, ал онда мейманхана орналасқан мекенге уақытша келуге рұқсат туралы және осы мекенге келген бойда олардың тіркелуі туралы ішкі істер органдарының белгісі болуы керек.

Шетел азаматтары болу үшін жабық аудандарда мұндай адамдар осы

аудандарға келуге рұқсаты болған жағдайда ғана орналасады.

20. Шетел азаматтарын есепке алу кітабы (N 3 қосымша) ұқыпты толтырылады және екі жыл бойы сақталады, содан кейін акті бойынша жоюлады.

21. Туристік топтарды есепке алу топтардың тізімінің көшірмесін міндетті түрде тіркей отырып бүкіл топты бір ғана жазумен жазу арқылы жүргізіледі. Тізімдер жеке іске тігіледі және сақталады.

Егер туристік топ қандай да болмасын бір себептерге байланысты

мейманханаға тізімнің көшірмесінсіз келсе, онда осындай топтардағы туристерді есепке алу кітап бойынша (N 3 қосымша) жүргізіледі, басқаша айтқанда әрбір турист жеке жазылады.

22. Мейманханаларда тұрып жатқан шетел азаматтарының сандық есебі туралы мәліметтер тиісті ішкі істер органдарына тоқсанына бір рет мынадай форма бойынша беріледі:

" _____ " мейманханасында
_____ нен бастап _____ дейін
тұрған шетел азаматтарының саны туралы
мәлімет

Мейманханада тұрған	Алыс	ТМД	Барлығы
шетел азаматтарының	шетелдерден	елдерінен	
категориялары			
Турист ретінде			
Қызмет бабындағы			
істері бойынша			
Жеке істері бойынша			
Оқуға келуіне			
байланысты			
Аялдап өтуіне			
байланысты			
Басқа мақсаттармен			

Мейманхана директоры _____

23. Мейманхана әкімшілігі:

а) орналасқан шетел азаматтарына есеп жүргізуді, олардың құжаттарын тіркеуді қамтамасыз етуге;

ә) шетел азаматтары жасаған және оларға қатысты жасалған барлық құқық бұзушылықтар туралы; сондай-ақ табылған шетел азаматтарының құжаттары мен заттары туралы ішкі істер органдарын хабардар етуге;

б) мейманханаға кіргізу режимін қамтамасыз етуге;

в) заңмен белгіленген шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында

болуының басқа шарттарын орындауға міндетті.

Мейманханалар әкімшілігінің осы міндеттерді қамтамасыз етуіне бақылау жасауды ішкі істер органдары жүзеге асырады.

24. Мейманханалардың лауазымды адамдарының кінәсінен Қазақстан Республикасында болу және аялдап өту ережелері бұзылған жағдайда олар әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Ережелерге
N 1 қосымша

ӨТІНІШ ҮЛГІСІ

Министрліктің
(мекеменің)
бұрыштама штампы

Алматы қалалық
мейманханалар басқармасы
(бөлімі)

(министрлік, ведомствоның және т.б. атауы)

(тәжірибе алмасу, тәжірибе жинақтау, монтаждау

жұмысын жүргізу және т.б.)

мақсатымен келген мына шетел азаматтарын:

1. _____

(фамилиясы, аты, азаматтығы)

2. _____

3. _____

4. _____

_____ нен бастап _____ дейін.

" _____ " мейманханасына орналастыруды сұрайды.

Олардың Қазақстан Республикасында болуына құқық беретін
құжаттарын тіркеу _____ бастап

_____ дейін ресімделсе.

Орындарды даярлағаны және тұрғаны үшін төлем мейманханада

_____ жасалатын болады.

Өтініш жасалған орындар бос тұрып қалған жағдайда _____

(ұйымның атауы)

олардың құнын төлеуге кепілдік береді.

Мекеменің мөрі Ұйымның басшысы _____

Несиелерді реттеуші _____

Бас бухгалтері _____

Нұсқауға

N 3 қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕЙМАНХАНАЛАРЫНДА ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУ КІТАБІ

Рет |Мейман.|Фамилиясы,|Туған |Қандай елден|Визаның катего.|Тұрып
нөмірі|ханаға |аты, |жылы, |(Қ.Р. қай |риясы мен N, |жатқан
(әрі |орналас|әкесінің |Азамат|қаласынан |оның күшінде |бөлме.
тіркеу|қан |аты |тығы |келді, шека.|болу мерзімі, |сі
нөмі. |күні | |паспор|радан өткен |виза бойынша |
рі) | | |тының |күні, БӨП |жүру маршруты |
| | | N |атауы | |

Ішкі істер органының
бұрыштама штампы

Нұсқауға
N қосымша

_____ бастығы _____
_____ қаласы.

ХАБАРЛАМА ҚАҒАЗ

сотталған шетел азаматына
(азаматтығы жоқ адамға)

1. Фамилиясы _____
 2. Аты, әкесінің аты _____
 3. Туған жылы мен жері _____
 4. Азаматтығы (бұрынғы азаматтығы) _____
 5. _____
- _____ ИБ есепте тұр.

Осы хабарлама қағаз сотталған адамның жеке ісіне тігіледі. Сотталған адам жазалау мерзімін өтегеннен кейін немесе мерзімінен бұрын босаған соң хабарлама қағаз босаған адам Қазақстан Республикасында тұру үшін құжаттарын ресімдеуге баруға міндетті ИБ дереу жіберілуі тиіс.

Сотталған адам қайтыс болған жағдайда хабарлама қағаз қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесімен бірге сотталған адам есепте тұрған ИБ жіберіледі.

_____ ИБ-ның ПЖБЖБ бастығы _____
_____ (атағы, қолы, фамилиясы)

Бас бостандығынан
айыру орнының
бұрыштама штампы

_____ ИБ
ПЖБЖБ бастығы _____
_____ қаласы

ХАБАРЛАУ

сотталған шетел азаматы туралы
(азаматтығы жоқ адам)

1. Фамилиясы _____

2. Аты, әкесінің аты _____

19__ жылғы _____ жазалау мерзімін өтеген соң (мерзімнен
бұрын) бас бостандығынан айыру орнынан босатылды және босату туралы
N_____ анықтамаға сәйкес Қазақстан Республикасында тұруға
арналған ықтияр хатын ресімдеу үшін _____

_____ ИБ баруға міндетті.

1. Фамилиясы _____

2. Аты, әкесінің аты _____

жазасын өтеп жүр 19__ жылғы _____
_____ қайтыс болды.

Қайтыс болуы _____ АХАЖ бөлімінде
тіркелді, қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі қоса беріліп отыр.

Қосымшасы: қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі.

_____ арнаулы бөлімінің
бастығы _____

(атағы, қолы, фамилиясы)

Нұсқауға (36, 124 тармақтар)

N 7 қосымша

Қосымша беттің үлгісі

Сериясы _____ N _____

паспортқа қосымша бет.

Қосымша беттің көлемі 90X70 мм.

Қатты қағаздан жасалады.

Тіркеу туралы жазу тіркеу штампын қою
арқылы ресімделеді (Нұсқауға N 21
қосымшадағы N 1 үлгі).

Приложение N 3.
к Инструкции

Қазақстан Республикасы
Республика Казахстан

РҰҚСАТТАМА
ПРОПУСК

Азамат

Разрешается гр-ну _____

(тегі, есімі, әкесінің

(фамилия, имя, отчество

есімі және туған жылы)

и дата рождения)

Ішкі істер министрлігі въезд и проживание _____

Министерство внутренних дел (қаланың, мекеннің және

дел _____

оның қай облыстың құрамына кіретіні дәл

көрсетіледі)(указывается точное название

города, селения и в состав какой области

келуге рұқсат етіледі

(облысы, область) этот пункт входит)

Сапарының мақсаты

Цель поездки _____

Онымен бірге 16 жасқа толмаған балалары

_____ Вместе следуют дети не старше 16 лет _____

(ішкі істер органының

(әр

атауы, наименование

(указы.

органа внутренних дел) _____

баланың есімі мен жасы көрсетіледі)

вається имя, возраст каждого ребенка)

Құжатын көрсеткенде ғана

19__ жылғы__ Действителен при предъявлении документа__

(құжаттың сериясы, N 1, қашан, кімнің

(серия, номер документа, кем когда выдан)

бергені көрсетіледі)

N

Рұқсаттаманың күші жүретін мерзімі

Срок действия пропуска__

Бастығы

Начальник__

ЕРЕЖЕ

1. Рұқсаттама онда көрсетілген елді мекенге келуге құқық береді.
2. Рұқсаттамада көрсетілген жерге келген адам келген сәтінен бастап бір тәулік мерзімнің ішінде рұқсаттамасы мен құжатын ішкі істер органында тіркеуі үшін тіркелім жасауға жауапты адамға (үй басқарушысына, жатақхана комендантына, мейманхана, санаторий, демалыс үйі әкімшілігіне немесе бұған арнайы өкілдік берілген адамға) тапсыруға міндетті.
3. Рұқсаттамасын жоғалтып алған жағдайда бұл туралы оның иесі өзі жүрген

жердегі ең таяу ішкі істер органына дереу хабарлауға тиіс.

4. Рұқсаттама алып, бірақ қандай бір себептермен онда көрсетілген елді мекенге бара алмай қалған адам рұқсаттамасын ішкі істер органына тапсыруға міндетті.

5. Шекара аймағына немесе шекара алаңына келу ережесін, сондай-ақ онда тұру немесе тіркелу ережесін бұзған адам заң бойынша жауап береді.

Ережемен таныстым__

(қолы)

ПРАВИЛА

1. Пропуск дает право на въезд в тот населенный пункт, который в нем указан.
2. Лицо, прибывшее к месту, указанному в пропуске, обязано в трехдневный срок с момента прибытия сдать свой пропуск и паспорт ответственному за прописку (регистрацию) лицу (управляющему домом, коменданту общежития, администрации гостиницы, санатория, дома отдыха или специально на то уполномоченному) для представления в орган внутренних дел на прописку.
3. В случае утраты пропуска об этом должно быть немедленно заявлено в ближайший орган внутренних дел по месту пребывания.
4. Лицо, получивший пропуск, но по каким-либо причинам не

выехавшее в указанный в нем населенный пункт, обязаны сдать его в орган внутренних дел.

5. Нарушение правил въезда в пограничную зону или пограничную полосу, а также правил проживания или прописки в них влечет за собой ответственность по закону.

С правилами ознакомлен (а) _____
(подпись)

Нұсқауға (56 тармақ)
N 9 қосымша

_____	Өтініш беруші адамның
(органның атауы)	фотосуретін жапсыратын
ПЖБЖБ-не	жер

(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

АРЫЗ

_____ үшін тұруға
(қандай екені көрсетіледі)
арналған ықтияр хатты беруді, ұзартуды (қажет емесі сызылады)
сұраймын.

1. Азаматтығы _____
2. Туған жылы _____
3. Туған жері _____
4. Некеде тұрамын, тұрмаймын (қажет емесі сызылады).
5. 16 жасқа дейінгі балалардың аты және туған жылы, олардың азаматтығы _____

6. Білімі, қандай тілді біледі _____

7. Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға қашан келді (ҚР шекарасынан өткен күні мен жері, виза N және кім берген) _____

(алғашқы құжаттарын ресімдеу бойынша толтырылады)

8. Қазақстан Республикасындағы мамандығы, жұмыс орны, қызмет түрі _____

9. Қазақстан Республикасында тұратын мекені _____

10. Мына құжаттарды қоса тіркеп отырмын:

а) шетелдік паспорт N _____

(қашан, кім және қайда берген)

19__ жылғы _____ дейінгі мерзімге берген.

ә) _____ үшін тұруға арналған ықтияр хат,
сериясы _____ N _____

199__ жылғы _____ " ____ "
(кім және

қайда)

_____ дейінгі мерзімге берген.

б) фотосуреттер _____

(арыз берушінің қолы, фамилиясы)

" ____ " _____ 19 ж.

Арыз бен құжаттарды қабылдаған _____

(қызметкердің лауазымы мен қолы)

" ____ " _____ 19 ж.

Мемлекеттік салықты төлеу туралы
марка жапсыратын жер.

Әртүрлі белгілері _____

Нұсқауға
N 10 қосымша

ХАТТАМА N _____
шетел азаматтарының Қазақстан
Республикасында болу Ережелерін
бұзу туралы
" ____ " _____ 199__ ж.

(милиция органының атауы, лауазымы)

(хаттаманы толтырушы адамның фамилиясы)

(қайда, қашан, кім бұзушылыққа жол берді

және оның мәні неде)

Бұзушылық жасау фактісін мына куәлар қуаттайды:

1. _____ тұратын жері _____
2. _____ тұратын жері _____

Толтырушының қолы _____

Хаттамамен таныстық _____

Бұзушылық жасау фактісін мына мәліметтер:

1. Фамилия, аты, әкесінің аты _____

2. Туған жылы _____ азаматтығы _____

3. Жеке басын қуаттайтын құжаты _____

4. Мекен-жайы _____

5. Жұмыс, қызмет немесе оқу орны _____

6. Әкімшілік жауапкершілікке тартылған ба және не үшін _____

Бұзушылық жасаушының түсіндірмесі:

Мен, _____

Аталған мәліметтер мен түсіндірме менің айтуым бойынша дұрыс жазылған.

Бұзушылық жасаушының қолы _____

Лауазымды адамның қолы _____

Милиция органы бастығының шешімі, егер ол мәлімделсе _____

Қолы _____

Қаулы N _____

хаттамада көрсетілген Ережелерді бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы

(КАП бабына сәйкес жауапкершіліктің түрі мен

шарасы көрсетіледі)

(органның атауы, шешім шығарған адамның қолы)

" ____ " _____ 199 ____ ж.

Нұсқауға
N 12 (а) қосымша

Тіркеуді ұзарту штампының үлгісі

N	тіркеу мерзімі 19	жылғы		"		"
	дейін ұзартылды (қысқартылды).					
	Алматы облыстық ИБ					
	қолы	фамилиясы				
	19	жылғы		"		"

Штамптың көлемі 25x70 мм.

Нұсқауға (102 тармақ)
N 13 қосымша

Шетелдіктерге паспорттарын немесе оларды алмастыратын
құжаттарын жоғалтуына байланысты берілетін анықтамалардың
үлгісі

АНЫҚТАМА

_____ азаматы

_____ (фамилиясы, аты, әкесінің аты)
берілді, ол 199__ жылғы _____ " ____"
(қолы)

_____ (қалалық, аудандық органның, милиция бөлімі атауы)
өтінің _____
(құжаттың атауы)

_____ жоғалтуына байланысты өтініш жасады.

Қалалық, аудандық ішкі істер

органының (милиция бөлімшесінің)
бастығы _____

(қолы)

М.О.

(анықтамаларға арналған мөр)

" ____ " _____ 199__ ж.

Нұсқауға
N 15 қосымша

ПББ, ПБ ПЖБЖБ-не (паспорт бөл.)
_____ азаматы
(азаматтығы)

(фамилиясы, аты, әкесінің

аты, туған жылы)

АРЫЗ

199__ жылғы _____ " ____ " бастап 199__ жылғы _____ " ____ "
дейін _____

(тұратын мекен-жайы көрсетіледі)

тұру құқымен аялдауға рұқсат етуді және тіркеуді сұраймын.

Аялдау _____
(аялдау себебі көрсетіледі)

_____ туындап отыр.

Қазақстан Республикасына 199__ жылғы _____ " ____ " келдім.

БӨП _____ паспорт сериясы _____ N _____
199__ жылғы _____ " ____ " дейін жарамды және виза сериясы _____
_____ N _____ 199__ жылғы _____ " ____ " дейін
жарамды.

Бұл ретте паспортымды, визамды, анықтамамды қоса тіркеп
отырмын.

" ____ " _____ 199__ жыл. _____
(қолы)

Нұсқауға
N 14 қосымша

Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың
жеке істерін, сондай-ақ басқа істерді есепке алу
кітабының нысаны

Рет	Іс жүргізілген	Істі	Істі	Істі салып	Ескерту
N	адамның фамилиясы	жүргізген	жүргізу	жіберу немесе	
	аты, әкесінің аты	күні	негізі	жою туралы белгі	

Нұсқауға
N 17 қосымша

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің
Консулдық басқармасына Қазақстан Республикасы ішкі
істер министрлігінің ПжБЖБ басқармасына

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын _____
азаматы _____
(қай елдің)

(фамилиясы, аты, әкесінің аты, туған жылы)
елшілікке жарамды шетелдік паспортын тапсырмағанын және оның күшінде
болу мерзімін ұзарту мәселесі бойынша өтініш жасаудан бас тартып
отырғанын, осыған байланысты азаматтығы жоқ адамдарға арналған
Қазақстан Республикасында тұруға арналған ықтияр хатпен
құжаттандырылуға жататынын хабарлаймыз.

Бұл туралы _____ Қазақстан

(қай елдің)

Республикасындағы елшілікті хабардар етуді және осы мәселе жөніндегі

Өз пікірлеріңізді бізге
хабарлауды сұраймыз.

ПБ, ПМ, ПжВЖБ

бастығы _____

(қолы)

" ____ " _____ 199 ____ ж.

N _____

_____ қаласы.

Шетел азаматтарының
Қазақстан Республикасында
болу тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы
10 наурыз 1993 ж. N 186

Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу тәртібін реттеу

мақсатымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу тәртібі (қоса тіркеліп отыр) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, басқа да мүдделі министрліктері мен ведомстволар ведомстволық актілер мен нұсқауларды осы Ережеге сәйкес келтіретін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 10 наурыздағы
N 186 қаулысымен
Бекітілген

Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу Тәртібі

Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес әзірленген және:

- шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуінің және Қазақстан Республикасынан кетуінің;
- шетел азаматтарына Қазақстан Республикасында уақытша болу құқын беретін құжаттарды ресімдеудің;
- шетел азаматтарына Қазақстан Республикасында тұру түрлерін берудің;
- шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруының;

- шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында тұруының мерзімін ұзартудың немесе қысқартудың, сондай-ақ аластаудың тәртібін айқындайды.

Осы Ереженің күші сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдарға да таратылады.

2. Қазақстан Республикасында уақытша болған шетел азаматтары қабылдаған ұйымды (кәсіпорын, мекеме, оқу орыны) , өз мемлекетінің тұрақты шетел өкілдігін, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасына жеке іс бойынша шақырған адамдарды, ал қажет болған жағдайда ішкі істер органдарын хабардар еткеннен кейін, өзінің таңдауы бойынша қонақ үйінде немесе басқа тұрғын үйде (тұрғын үй қорының түрлеріне қарамастан) тұрады.

Мұнан былай - ұйымдар.

3. Қазақстан Республикасында жүрген шетел азаматтары осы Ережеде белгіленген тәртіппен тіркелген шетел паспортын немесе оларды алмастыратын құжаттарды өзімен бірге ала жүруге және оларды құзыретті органдардың талап етуі бойынша көрсетуге міндетті.

Мұнан былай - шетелдік паспорт.

Шетелдік паспортты жоғалтқан жағдайда шетел азаматы қабылдаған ұйымға немесе ішкі істер органына тез арада хабарлауға міндетті, олар азаматтың тілегі

бойынша оған бұл жөнінде анықтама береді.

4. Қазақстан Республикасында туыстарының және таныстарының шақыруы бойынша, яғни жеке іс бойынша болған шетел азаматтарының республика аумағында Қазақстан Республикасының кәсіпорындарына, ұйымдары мен мекемелеріне (меншік нысандарына қарамастан) жұмысқа орналасуына б о л м а й д ы .

5. Қабылдаушы ұйымдар шетел азаматтарына Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Ережеде көзделген құқықтар мен міндеттерді уақтылы түсіндіруді, шетел азаматтарына қатысты белгіленген құқықтық нормалардың орындалуын қамтамасыз етеді, шетел азаматтарының тиісті есебін жүргізеді, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасында болуына елдің аумағы бойынша жүріп-тұруына және болудың белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасынан кетуіне құқық беретін құжаттардың уақтылы ресімделуіне ж а у а п б е р е д і .

6. Шетел азаматы бір ұйымның шақыруы бойынша келген жағдайда, келесі ұйым осы азаматқа қатысты міндеттерді жүзеге асыра отырып және осы Ереженің 5 тармағында көзделген жауапкершілікті мойнына алып, оны Қазақстан Республикасында өзінің тарапынан қабылдауға құқылы.

7. Қазақстан Республикасына шетел азаматтарын жеке іс бойынша шақырған және оларға тұрғын үй алаңын берген адамдар, ол азаматтардың шетел паспорттарын уақтылы тіркеуге және олардың белгіленген болу мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасынан кетуіне жәрдем көрсетуге ш а р а л а р қ о л д а н у ғ а м і н д е т т і .

Осы Ереже көрер көзге бұзылатын болған жағдайда, бұл адамдардың шетел азаматтарына үй-жай, көлік құралдарын беруіне, немесе басқадай қызметтер көрсетуіне ж о л б е р і л м е й д і .

8. Шетел азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы лауазымды адамдар мен азаматтардың осы Ереже талаптарын сақтауына бақылауды ішкі істер органдары ұлттық қауіпсіздік органдарымен өзара і с - қ и м ы л д а жү з е г е а с ы р а д ы .

II. Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуі және Қазақстан Республикасынан кетуі

9. Шетел азаматтары күшіндегі шетел паспорттары бойынша халықаралық қатынастар үшін ашылған мемлекеттік шекарадан өтуге рұқсат ететін бекеттер арқылы, ал азаматтығы жоқ адамдар, егер келудің және кетудің өзгедей тәртібі Қазақстан Республикасының тиісті елмен келісімінде белгіленбеген болса, олардың тұрақты тұратын елдерінің құзыретті органдары берген және олардың

жеке басын куәландыратын күшіндегі құжаттар бойынша, келетін, келетін-кететін, кететін, кететін-келетін қазақстандық визалары болған жағдайда Қазақстан Республикасына келеді және Қазақстан Республикасынан кетеді.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, азаматтығы жоқ адамдар, кететіні жөнінде виза алғаннан кейін шетелге тұрақты тұруға кетеді.

(1 0 - т а р м а қ)

Ескерту. 10-ші тармақ күшін жойған - ҚРМК-нің 1995.31.10.

N 1408 қаулысымен.

11. Қазақстан Республикасынан кету (кететін) визаларын және Қазақстан Республикасынан кету - Қазақстан Республикасына келу (кететін-келетін) визаларын шетел азаматтарына Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі, облыстардағы ішкі істер басқармалары береді. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің шешімімен мұндай құқығы Қазақстан Республикасының қалалық және аудандық ішкі істер органдарына берілуі мүмкін.

Шетел паспорттары Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде және оның өкілдіктерінде тіркелген шетел азаматтарына Қазақстан Республикасынан кетуге виза беруді осы ұйымдар жүргізеді.

Жекелеген жағдайларда мұндай виза беруді ішкі істер органдары жүзеге асыра алады.

12. Қабылдаушы ұйымның өтініші бойынша шетел азаматтарына Қазақстан Республикасына келудің және Қазақстан Республикасынан кетудің бірнеше мәртелік визасы беріледі. Бірнеше мәртелік виза берудің тәртібін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Ішкі істер министрлігі аяқындайды.

13. Қазақстан Республикасына келуге және Қазақстан Республикасынан кетуге виза беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту үшін мыналар негіз болып табылады:

Қазақстан Республикасында қабылдаушы ұйымдардың, тұрақты шетел өкілдіктерінің тарапынан болған шетел азаматтары үшін,

- осы ұйымдар мен өкілдіктердің жазбаша өтініші;

- Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша немесе тұрақты тұруға келген шетел азаматтары үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтарына жеке істері бойынша немесе тұрақты тұруға шетелге сапарға шыққан кезде осы азаматтардың арызы бойынша ішкі істер органдары берген рұқсат.

14. Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуіне және Қазақстан Республикасынан кетуіне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген

негізде тыйым салынуы мүмкін.

15. Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша келген немесе тұрақты тұратын шетел азаматтары визасын жоғалтып алған жағдайда, бұл жөнінде тез арада ішкі істер органдарына, ал Қазақстан Республикасында басқа мақсатпен жүргенде - қабылдаушы ұйымдарға хабарлайды. Азаматтың тиісті жеке өтініш хаты және ұйымның өтініш тілегі бойынша ішкі істер органдары шетел азаматтарына Қазақстан Республикасынан кетуге виза беру туралы мәселені ш е ш е д і .

III. Қазақстан Республикасында уақытша болған шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында тұру құқына құжаттар ресімдеу

16. Қазақстан Республикасында уақытша болған шетел азаматтары Қазақстан Республикасының аумағында осы Ережеде белгіленген тәртіппен тіркелген шетел паспорты бойынша тұрады. Шетел паспорты мақсатты пунктке келгеннен кейін, мерекелік және демалыс күндерін қоспағанда, үш тәулік ішінде тіркеуге т а б ы с е т і л е д і .

17. Шетел паспорттарын тіркеуден мыналар босатылады:

а) Қазақстан Республикасына Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің немесе Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шақыруымен келген шетел мемлекеттері мен үкіметтерінің басшылары, парламенттік және үкіметтік делегацияның мүшелері, осы делегациялардың техникалық қызмет көрсетушілері, аталған адамдардың о т б а с ы м ү ш е л е р і ;

б) Біріккен Ұлттар Ұйымы берген паспорт бойынша Қазақстан Республикасына келген адамдар;

в) Жасы 18-ге толмаған шетел азаматтары;

г) Қазақстан Республикасына мереке және демалыс күндері немесе жәй күндері 3 тәулікке дейін келген және Қазақстан Республикасынан осы күндер ішінде кететін шетел адамдары;

д) теңізде саяхат жасаушы шетел туристері;

е) Қазақстан Республикасына белгіленген тәртіппен келген шетелдің әскери кемелері мен әскери ұшақтарының экипаж мүшелері.

Әскери кемелердің (әскери ұшақтардың) экипаж мүшелерінің жағаға түсуіне және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруына рұқсатты келген әскери кемелерді (әскери ұшақтарды) қабылдаудың жоспарына сәйкес қазақстандық порттағы (гарнизондағы) аға теңіз (әскери) бастығы береді;

ж) шетелдік әскери емес кемелердің құрамына кірген адамдар, Қазақстан Республикасының порттарында және портты қалаларында болған кезде, осы

адамдарды ұйымдасқан түрде саяхатқа, Қазақстан Республикасының және басқа қ а л а л а р ы н а б а р ғ а н д а .

Мұндай адамдардың жағаға түсуіне портта қолданылып жүрген ережелер мен нұсқауларға сәйкес шекара әскерлерімен келісім бойынша порттардағы әкімшіліктер рұқсат береді;

3) халықаралық авиажелілерінің азаматтық әуе кемелері экипажының, халықаралық темір жол қатынасы поездарындағы бригадалардың құрамына енетін адамдар, қолданылып жүрген қозғалыс кестесінде көрсетілген аэропорттарда немесе станцияларда болған кезде.

18. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде және оның өкілдіктерінде:

а) шетелдің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері басшыларының, дипломатиялық қызмет мүшелерінің, консулдық лауазым иелерінің, дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердегі әкімшілік-техникалық және қызмет көрсететін қызметкерлердің, әскери атташе мен сауда өкілдіктер аппараты қызметкерлерінің және аталған адамдардың асырауындағы олардың зайыптарының, балаларының, ата-аналарының, сондай-ақ егер қонақтар олардың мекемелерінде немесе аталған өкілдіктер мен мекемелердің аумағында тұрса, шетелдің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері басшылары қонақтарының;

б) Қазақстан Республикасына қызметтік іс бойынша келген және дипломатиялық немесе қызметтік паспорты бар шетел мемлекеттерінің сыртқы істер ведомстволары қызметкерлерінің және олардың отбасы мүшелерінің;

в) Қазақстан Республикасына қызметтік іс бойынша келген халықаралық ұйымдардың лауазымды адамдарының, аталған ұйымдардың Қазақстан Республикасындағы өкілдіктері қызметкерлерінің, сондай-ақ аталған ұйымның көрсетілген құжаттарына немесе тиісті халықаралық шарттарға сәйкес дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитетті пайдаланатын, Қазақстан Республикасында штаб-пәтері бар, халықаралық ұйымдардың жанындағы елдер өкілдіктері қызметкерлерінің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің шетелдік п а с п о р т т а р ы т і р к е л е д і .

Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігі және оның өкілдіктері осы тармақта көрсетілген адамдарға дипломатиялық, қызметтік немесе консулдық карточкалар береді немесе тікелей шетелдік паспорттарға тіркеу т у р а л ы ж а з б а жүргізеді.

Осы тармақта аталған адамдар қабылдаушы ұйымдарда, қонақ үйлерінде және ішкі істер органдарында шетел паспорттарын тіркеуден босатылады.

19. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне, бұл туралы оларды қабылдайтын ұйымдар, дипломатиялық өкілдіктер немесе консулдық

мекемелер тілек білдіргенде, қажет жағдайда Қазақстан Республикасына шетелдерден келген мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлердің және олардың отбасы мүшелерінің шетел паспорттарын тіркеу, сондай-ақ осы Ереженің 18 тармағында көрсетілмеген халықаралық ұйымдар қызметкерлерінің шетел паспорттарын тіркеу құқы беріледі. Бұл орайда шетел азаматтары қабылдаушы ұйымдарда, қонақ үйлерінде және ішкі істер органдарында шетел паспорттарын тіркеуден босатылады.

20. Шетел азаматтарын тіркеу құқы берілген қонақ үйлерінде, 17 тармақтың (г) тармақшасында көзделген жағдайлардан басқаларында, олардың Қазақстан Республикасына келу мақсатына және болу мерзіміне қарамастан, оларда тұратын барлық шетел азаматтарының шетел паспорттары тіркеледі. Тіркеу сол азаматтардың жеке өтініші немесе қабылдаушы ұйымдардың, Қазақстан Республикасындағы тұрақты шетел өкілдіктерінің жазбаша өтінімі негізінде жүргізіледі. Шетел паспорттарын тіркеу барлық жағдайларда өтініштерде, турларда, өтінімдерде көрсетілген мерзімде, ал виза бойынша келген адамдарға визаның қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

